Павлодар қ. «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету бөлімі

Павлодар облысында 2022 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер

Павлодар қ. «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету бөлімі

Павлодар облысында 2022 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер

Павлодар 2021

Павлодар облысында 2022 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер. - Павлодар, 2021.

Құрастырған / составитель: Р. Қ.Ахметова
Редактор: И. А. Елеусизова

Алғы сөз

Жыл сайын ОҚК ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету бөлімі «Павлодар облысында 2022 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер» / «Знаменательные и памятные даты Павлодарской области на 2022 год» библиографиялық көрсеткішін шығарады.

2022 жылдың 5 қыркүйегінде мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, ақын және аудармашы, қазақ әліпбиін жазудың реформаторы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі **Ахмет Байтұрсынұлының** 150 жылдығын ЮНЕСКО шеңберінде атап өту, **Алаш қозғалысының** 105 жылдығы, **Мемлекеттік елтаңба мен ҚР туы** құрылғанына **30 жыл** (1992).

2022 жылы Павлодар облысындағы бірнеше мәдени мекеменің, атап айтқанда, **Г. Н. Потанин атындағы тарихи-өлкетану музейінің** 80-жылдығы, **Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінің** 30-жылдығы, Г. Н. Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану филиалының **Ашық аспан астындағы мұражайының** 25-жылдығы аталып өтіледі. Осы мекемелердің аймақ өміріндегі орны мен рөлі ерекше екендігін атап өткен жөн.

Ертістің Павлодар өңірінің тарихын түбегейлі зерттеген өлкетанушылары **Д. П. Приймактың** (110 жыл), **Х. А. Асқаровтың** (105 жыл), **З. В. Кузнецованың** (105 жыл), **С. П. Шевченконың** (95 жыл), **В. Д. Болтинаның** (75 жыл), **В. К. Мерцтің** (60 жыл) есімдері енгізілген.

Біз әрдайым жерлес Ұлы Отан соғысына қатысушылардың ерлігін жадымызда сақтаймыз. 2022 жылы Кеңес Одағының Батырлары **К. Ф. Шуваловтың** 110-жылдығын, **Г. П. Кравченконың** 110-жылдығын, **А. Ф. Горобецтың** 100-жылдығын, **С. К. Токаревтің** 100-жылдығын, **А. С. Квитковтың** 100-жылдығын атап өтпекпіз.

Ертістің Павлодар өңірі өнер саңлақтарына бай. Келер жылы ақын-жырауларымыз **Қ.И. Бердалиннің** туғанына 155 жыл және **Б. Қаппасовтың** туғанына 115 жыл, әнші, Қазақстанның халық әртісі **Қ. Байжановтың** 145-жылдығы, режиссер, драматург, қазақ театрының негізін қалаушы **Ж. Т. Шаниннің** туғанына 130 жыл, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері **А. А. Меттустың** туғанына 100 жыл, ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері **Э. И. Шиллердің** туғанына 100 жыл, суретші **М. П. Колмогоровтың** туғанына 100 жыл, режиссер, театр және кино актері, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, Қазақ КСР-інің халық артисі **Б. У. Омаровтың** туғанына 95 жыл, суретші-график **С. П. Пантелеевтың** туғанына 85 жыл, халық шебері **Б. Ж. Сағындықовтың** туғанына 85 жыл, актриса, ҚР-ның еңбек сіңірген әртісі **М. Л. Степанованың** туғанына 75 жыл, суретші, мүсінші, иллюстратор **Б. К. Машраповтың** туғанына 70 жыл, көркемсуретші, кескіндемеші **Ө. А. Шурановтың** туғанына 70 жыл, суретші **Г. Беспалованың** 70 жасқа толған күні аталып өтіледі.

Күнтізбеде Павлодар облысында дүниеге келген белгілі ақындардың есімдері де аталады. Олар **Д. Әбілев** (115 жыл), **З. Ж. Шашкин** (110 жыл), **А. Шамкенов** (95 жыл), **С. П. Шевченко** (95 жыл), **В. Семерьянов** (85 жыл), **М. Н. Чернова** (75 жыл), **Ғ. С. Жұматов** (70 жыл), **И. И. Кандыбаев** (65 жыл), **О. Григорьева** (65 жыл). Көрсеткішке облысымызда ғана емес республика көлеміндегі ағарту ісіне, білім беруге, ғылым саласына үлкен үлес қосқан жерлестеріміз: **Ш. Ш. Шөкин** (110 жыл)**, Н. Ы. Баяндин** (110 жыл), **Р. А. Сәтпаева** (110 жыл), **Ғ. Р. Бекжанов** (95 жыл), **Р. Я. Нұралина (95 жыл), К. Ш. Шүлембаев** (85 жыл), **Т. Х. Шаяхметов** (85 жыл), **Ғ. Есім** (75 жыл) және басқалардың мерейлі күндері енгізілді.

Басылымның басты мақсаты: кәсіби мамандар мен оқырмандардың барлық санатына білімнің барлық салалары бойынша, қоғамдық және саяси өмір, қоғамдық ғылымдар мен кітапханалық іс бойынша барынша нақты сараланған ақпарат ұсыну. Оның көмегімен кітапханаларда, мектептерде, клубтар мен өзге де мәдениет мекемелерінде түрлі іс-шаралар өткізуді жоспарлау ыңғайлы болады.

«Күнтізбе…» отандық және әлем тарихын еске алуға мүмкіндік береді, қазақстандық және әлемге танымал әдебиет, өнер, ғылым мен техниканың ірі қайраткерлері туралы баяндайды.

Көрсеткіш материалдары бірнеше бөлімде жүйеленген. Олардың тізімі көрсеткіш мазмұнында берілген.

Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін «Күнтізбе...» «Күнтізбеде берілген павлодарлық есімдер алфавиттік көрсеткішімен» қамтылған.

Әрбір материалдың басында белгілі тұлғаның туғанынан бері өткен немесе сол не басқа оқиғамен байланысты атаулы күннің жыл саны көрсетілген. Анықтама берілген мерейтой күндер

жұлдызшалармен белгіленген. Қазақ тілінде берілмеген кейбір анықтамаларды орыс тіліндегі күнтізбеден қараңыз.

Даталар мен қажетті мәліметтерді анықтау үшін анықтамалық-библиографиялық аппарат пен Орталық қалалық кітапхананың кітап қоры пайдаланылды.

«Күнтізбе...» Павлодар қаласы ОКЖ сайтында орналастырылған, бұл оның мазмұнына барлық пайдаланушылардың шұғыл жүгінуіне мүмкіндік береді.

Құрастырушылар оқырмандардан көрсеткіш туралы өз ұсыныстары мен тілектерін білдіруді сұрайды.

Электрондық мекенжай: cbs.ibo@mail.ru
Сайт: cbspvl.kz
Павлодар қ., С.Торайғыров көш., 44 / 1
Орталық қалалық кітапханасы
Ақпараттық-библиографиялық бөлім
Тел.: 53-38-80

2022 жылға Павлодар облысының аталып өтілетін және еске алынатын күндері

Қаңтар

1 қаңтар	суретші, мүсінші, иллюстратор **Б.К. Машраповтың** туғанына 70 жыл (1952-2019)*
1 қаңтар	**Павлодар облыстық ғылыми-техникалық кітапханасының** құрылғанына 50 жыл (1972)
1 қаңтар	**Облыстық наркология диспансері** құрылғанына 40 жыл (1982)
10 қаңтар	Кеңес Одағының Батыры **К. Ф. Шуваловтың** туғанына 110 жыл (1912-1999)*
10 қаңтар	**Павлодар қаласында қалалық жағажай аймағында құтқару стансасы** пайдалануға берілгеніне 55 жыл (1967)
12 қаңтар	ғалым, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы **Н. Ы. Баяндиннің** туғанына 110 жыл (1912-1991)
15 қаңтар	ақын **Н. М. Чернованың** туғанына 75 жыл (1947)*
15 қаңтар	ақын, журналист, әдебиетші **Б. Ырзабаевтың** туғанына 90 жыл (1932-1995)
20 қаңтар	кинорежиссер **В. И. Хотиненконың** туғанына 70 жыл (1952)
21 қаңтар	ҚазКСР және КСРО білім үздігі, ҚазКСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі, **Р. Я. Нұралинаның** туғанына 95 жыл (1927-1992)
23 қаңтар	ғалым, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы **Қ. Е. Конопьяновтың** туғанына 70 жыл (1952)

Ақпан

4 ақпан	композитор, ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері **А. А. Меттустың** туғанына 100 жыл (1922-2008)
10 ақпан	ғалым, техника ғылымдарының докторы **Ж. С. Ержановтың** туғанына 100 жыл (1922-2003)
19 ақпан	суретші **В. В. Денисовтың** туғанына 80 жыл (1942-2007)
25 ақпан	**«Колос» балалар мәдени ойын-сауық орталығының** құрылғанына 25 жыл (1997)
26 ақпан	жазушы, әдеби сыншы **А. А. Устиновтың** туғанына 90 жыл (1932-2014)
29 ақпан	Социалистік Еңбек Ері **Я. Г. Герингтің** туғанына 90 жыл (1932-1984)

Наурыз

5 наурыз	ғалым-философ, философия ғылымдарының докторы **Қ. Ш. Шүлембаевтың** туғанына 85 жыл (1937-1998)
5 наурыз	журналист **Ө. Тастемхановтың** туғанына 75 жыл (1947)
7 наурыз	ғалым-геолог, геология-минералогия ғылымдарының докторы **Ғ. Р. Бекжановтың** туғанына 95 жыл (1927-2015)
15 наурыз	**«Мойылды»** шипажайының ашылғанына 100 жыл (1922)
16 наурыз	ҚазКСР-інің еңбек сіңірген халық ағарту қызметкері, мұғалім, Ы. Алтынсарин атындағы № 3 облыстық қазақ мектеп-интернатының директоры (1986-2005 ж.ж) **М. Н. Жылқыбаевтың** туғанына 85 жыл (1937-2020)
18 наурыз	суретші **Г. Беспалованың** туғанына 70 жыл (1952)
22 наурыз	**Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер музейінің** құрылғанына 30 жыл (1992) **http://cbspvl.kz/projects/Muzei/index_ru.html**
наурыз	Ертіс-Қарағанды каналының құрылысы басталғанына 60 жыл (1962)

Сәуір

2 сәуір	қоғам қайраткері, Павлодар облысының Қазақстан халқы Кіші Ассамблеясы төрағасының орынбасары **Қ. Б. Даржұманның** туғанына 85 жыл (1937-2005)
2 сәуір	Павлодар қаласында «**Колос**» кинотеатрының ашылғанына 65 жыл (1957)
4 сәуір	журналист **П. В. Лефлердің** туғанына 95 жыл (1927-2007)
4 сәуір	Кеңес Одағының Батыры, Ауғанстандағы соғыс мүгедектерінің республикалық одағын қолдау төрағасы **Н. И. Кремеништің** туғанына 55 жыл (1967)
5 сәуір	суретші, ақын **Л. Н. Таушканованың** туғанына 105 жыл (1917-1996)
8 сәуір	ақын **И. Кандыбаевтың туғанына** 65 жыл (1957)
9 сәуір	журналист **Г. А. Бабиннің** туғанына 75 жыл (1947-2007)
9 сәуір	Кеңес Одағының Батыры **А. Ф. Горобецтің** туғанына 100 жыл (1922-1961)*

12 сәуір	ғалым-химик, химия ғылымдарының докторы, профессор **М. Шәріповтің** туғанына 80 жыл (1942-1997)
14 сәуір	инженер-құрылысшы, Павлодар қаласының Құрметті азаматы **А.В. Гальченконың** туғанына 90 жыл (1932- 2015)
15 сәуір	ғалым-философ, философия ғылымдарының докторы **Ғ. Есімнің** туғанына 75 жыл (1947)
15 сәуір	ҚР еңбегі сіңген өнертапқыш, СССР-дың мемлекеттік сыйлықтың иегері, Халық Қаhарманы **А. С. Күленовтің** туғанына 90 жыл (1932-2007)
19 сәуір	актриса, ҚР-ның еңбек сіңірген әртісі **М. Л. Степанованың** туғанына 75 жыл (1947)
21 сәуір	Павлодар облыстық қазақ музыкалы драма театрына **Ж. Аймауытовтың** есімі берілгеніне 30 жыл (1992)
24 сәуір	өлкетанушы, шежіреші, ардагер ұстаз, Ұлы Отан соғысының ардагері **Х. А. Асқаровтың** туғанына 105 жыл (1917-2017) *
25 сәуір	ақын, журналист, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі **О. Н. Григорьеваның** туғанына 65 жыл (1957) *
30 сәуір	қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының кандидаты **О. Қожановтың** туғанына 85 жыл (1937-2018) *

Мамыр

2 мамыр	географ, өлкетанушы, Павлодар облысын зерттеуші **З. В. Кузнецованың** туғанына 105 жыл (1917-1999) *
10 мамыр	актер, режиссер, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген әртісі, ҚазКСР-інің халық әртісі **Б. У. Омаровтың** туғанына 95 жыл (1927-2008) *
15 мамыр	ғалым, физика-математика ғылымдарының кандидаты **Ғ.М. Мұқановтың** туғанына 90 жыл (1932-2015)
17 мамыр	ақын, журналист **Л. П . Гришинаның** туғанына 75 жыл (1947)
21 мамыр	**Павлодар бизнес колледжінің** құрылғанына 30 жыл (1992)
22 мамыр	Павлодар қаласында **«Сарыарқа» қонақ үй** кешенінің ашылғанына 30 жыл (1992)
24 мамыр	кітапхана қызметкері, мәдениет саласының ардагері **Е. И. Гришинаның** туғанына 90 жыл (1932-2009)
25 мамыр	суретші-график **С. П. Пантелеевтың** туғанына 85 жыл (1937)
28 мамыр	композитор, ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері **Э. И. Шиллердің** туғанына 100 жыл (1922-1985)

Маусым

1 маусым	педагог, әдебиетші, жазушы, аудармашы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы оқу-ағарту ісінің үздігі, «Қазақ тілі» қоғамы Павлодар облыстық ұйымы басқармасының төрағасы (2011-2015 ж.ж) **Т. Б. Кентайдың** туғанына 85 жыл (1937-2016) / в кн. Кто есть кто... - 15.06
7 маусым	қоғам қайраткері, Павлодар қаласының құрметті азаматы **Н. И. Чмыхтың** туғанына 75 жыл (1947)
10 маусым	Павлодар облысының мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, Павлодар қаласының құрметті азаматы **Б. В. Исаевтың** туғанына 90 жыл (1932-2018)
10 маусым	ғалым-химик, химия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, ҚР Білім беру ісінің құрметті азаматы **А. Нұхұлының** туғанына 60 жыл (1962)
12 маусым	**Екібастұз** қаласының құрылғанына 65 жыл (1957)
20 маусым	**Г. Н. Потанин атындағы** тарихи-өлкетану мұражайының құрылғанына 80 жыл (1942) **http://cbspvl.kz/projects/Muzei/index_ru.html**
25 маусым	Кеңес Одағының Батыры **С. К. Токаревтің** туғанына 100 жыл (1922-1996)*
28 маусым	педагог, журналист, ҚазССР-інің еңбегң сіңірген мәдениет қайраткері, КСРО-ның үздік баспашысы **Ю. А. Ковхаевтың** туғанына 90 жыл (1932)

Шілде

10 шілде	ғалым, философия ғылымдарының докторы **Т. Қ. Айтқазиннің** туғанына 75 жыл (1947)

10 шілде	ғалым-химик, химия ғылымының докторы, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнертапқышы **Х. Қ. Оспановтың** туғанына 90 жыл (1932)
18 шілде	ғалым-геолог, геология-минералогия ғылымдарының докторы **Т. М. Жәутіковтың** туғанына 90 жыл (1932-2014)
18 шілде	ғалым-тарихшы, тарих ғылымдарының докторы **Қ. М. Алдабергеновтың** туғанына 70 жыл (1952)
20 шілде	ақын, драматург **А. Шамкеновтың** туғанына 95 жыл (1927-2004) *
25 шілде	халық шебері **Б. Ж . Сағындықовтың** туғанына 85 жыл (1937-2014)
26 шілде	ҚазКСР-інің Еңбек сіңірген мұғалімі **Қ. И. Ілиясовтің** туғанына 110 жыл (1912-1955)
30 шілде	Павлодар қаласында **«Семей мемлекеттік медицина академиясы» РМҚК-ның Павлодар филиалы** ашылғанына 20 жыл (2002)

Тамыз

11 тамыз	Павлодар уездік **«Свободная степь»** газетінің алғашқы санының жарыққа шыққанына 105 жыл (1917)
11 тамыз	Г. Н. Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану филиалының **Ашық аспан астындағы мұражайының** құрылғанына 25 жыл (1997)
12 тамыз	мәдени-ағарту қызметкері, мұрағатшы **Л. С. Кашинаның** туғанына 75 жыл (1947)
13 тамыз	инженер-электрик, техника ғылымдарының кандидаты, өлкетанушы **Т. А. Еңсебаевтың** туғанына 75 жыл (1947-2009)
13 тамыз	өлкетанушы, ҚазКСР-нің еңбек сіңірген қызметкері, мұрағатшы **В. Д. Болтинаның** туғанына 75 жыл (1947) *
14 тамыз	журналист **Л. С. Шевченконың** туғанына 80 жыл (1942-2006)
15 тамыз	дәрігер-терапевт, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген дәрігері **Ғ. Т. Сұлтановтың** туғанына 120 жыл (1902-1982)
20 тамыз	Павлодар қаласында «Степной пахарь» газетінің алғашқы санының жарыққа шыққанына 100 жыл (1922)
24 тамыз	Павлодар **«Октябрь» зауытының** құрылғанына 80 жыл (1942)
29 тамыз	**Павлодар мемлекеттік педагогика институтының** (2017 ж. бастап университет мәртебесі, ПМПУ) құрылғанына 60 жыл (1962)

Қыркүйек

1 қыркүйек	журналист, фольклортанушы, ҚР Журналистер одағының мүшесі **А. Ж. Нұрғазиннің** туғанына 95 жыл (1927-2008) *
6 қыркүйек	қоғам қайраткері, Еврей ұлттық мәдени орталығының төрайымы **Ф. П. Свечинскаяның** туғанына 90 жыл (1932-2014)
15 қыркүйек	Павлодар қаласында **Бірлік пен келісім монументінің** ашылғанына 10 жыл (2012)
22 қыркүйе	қазақ халқының мәдениетіне, ғылымы мен әдебиетіне қомақты үлес қосқан көрнекті қос тұлға **Ш. Уәлиханов** пен **Г. Потаниннің** ескерткіші ашылғанына 10 жыл (2012)
25 қыркүйек	ақын, журналист **В. Г. Семерьяновтың** туғанына 85 жыл (1937-2021) *

Қазан

1 қазан	ғалым-энергетик, техника ғылымдарының докторы, академик **Ш. Ш. Шөкиннің** туғанына 110 жыл (1912-2003) *
1 қазан	**А. И. Шиллер атындағы хордың** құрылғанына 65 жыл (1957)
2 қазан	скульптор **В. В. Мартыненконың** туғанына 75 жыл (1947–1999)
2 октября	өнертанушы **Е. В. Дубоваяның** туғанына 65 жыл (1957)
6 қазан	ғалым, философия ғылымдарының докторы **Қ. М. Мардановтың** туғанына 80 жыл (1942)
12 қазан	Кеңес Одағының Батыры **Г. П. Кравченконың** туғанына 110 жыл (1912-1943)
12 қазан	ғалым, медицина ғылымдарының докторы **Х. Ж. Жұматовтың** туғанына 110 жыл (1912-1972)
15 қазан	журналист, жазушы, ақын **Ғ. С. Жұматовтың** туғанына 70 жыл (1952)*
15 қазан	көркемсуретші **Ө. А. Шурановтың** туғанына 70 жыл (1952)*

18 қазан	ғалым, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы **З. Д. Дүйсенбековтың** туғанына 85 жыл (1937)
21 қазан	жазушы, журналист, өлкетанушы **С. П. Шевченконың** туғанына 95 жыл (1927-2001)
22 қазан	«Райса сән театры» фирманың негізін қалаушы **Р. Ж. Раимбекованың туғанына** 65 жыл (1957)
29 қазан	актрисы **О. М. Денисованың** туғанына 80 жыл (1942)

Қараша

1 қараша	Павлодар қаласының Құрметті азаматы, оқу-ағарту ісінің үздігі **Б. А. Ахметовке** арналған ескерткіш-бюстінің ашылғанына 10 жыл (2012)
4 қараша	Сәтбаев көшесінде жаңа **бас пошта** ғимаратының пайдалануға берілгеніне 40 жыл (1982)
6 қараша	Павлодар қаласында 120 орындық **теміржол ауруханасының** іске қосылғанына 55 жыл (1967)
8 қараша	өлкетанушы, ақын, жазушы, Ұлы Отан соғысына қатысушы **Д. П. Приймактың** туғанына 110 жыл (1912-2002)
8 қараша	ғалым, физика-математика ғылымдарының кандидаты **Т. Х. Шаяхметовтың** туғанына 85 жыл (1937-2007)
10 қараша	ғалым, педагог, философия ғылымдарының кандидаты **В. А. Федотовтың** туғанына 75 жыл (1947)
15 қараша	ғалым-дәрігер, медицина ғылымдарының докторы **Р. А. Сәтбаеваның** туғанына 110 жыл (1912-1984)
17 қараша	журналист, Егемен Қазақстан газеті Павлодар облысының меншікті тілшісі **Б . Жанымбеттің** туғанына 80 жыл (1942-2009)
25 қараша	суретші **М. П. Колмогоровтың** туғанына 100 жыл (1922-2004)
29 қараша	ғалым, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы **Б. У. Уахатовтың** туғанына 90 жыл (1932-1984)
30 қараша	тарихшы-өлкетанушы, археолог **В. К. Мерцтің** туғанына 60 жыл (1962)*
қараша	**Естай атындағы қалалық мәдениет сарайының** пайдалануға берілген уақытына 45 жыл (1977)

Желтоқсан

6 желтоқсан	ақын-импровизатор, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері **Н. Баймұратовтың*** туғанына 135 жыл (1887-1969)
7 желтоқсан	**Павлодар облыстық диагностика орталығы** ашылғанына 20 жыл (2002)
10 желтоқсан	Павлодар қаласындағы атақты жерлесіміз, қаламгер **З. Шашкинге** арналған ескерткіш-бюстінің ашылғанына 10 жыл (2012)
12 желтоқсан	«Беларусь» мәдени орталығының төрайымы, Павлодар қаласының құрметті азаматы **Л. И. Богнаттың** туғанына 75 жыл (1947)
15 желтоқсан	Кеңес Одағының Батыры **А. С. Квитковтың** туғанына 100 жыл (1922-1994)*
16 желтоқсан	революционер, Екібастұз қаласының бірінші құрметті азаматы **С. И. Царевтің** туғанына 140 жыл (1882-1918)
19 желтоқсан	актриса **О. Е. Белаяның** туғанына 75 жыл (1947)
25 желтоқсан	кітапхана қызметкері **Л. С. Лямзинаның** туғанына 90 жыл (1932-2011)
26 желтоқсан	жазушы **Д. Әбілевтің** туғанына 115 жыл (1907-2003)*
27 желтоқсан	ғалым, тарих ғылымдарының докторы **С. Б. Бейсембаевтың** туғанына 110 жыл (1912-1989)
29 желтоқсан	ғалым, тарих ғылымдарының докторы **А. Қ. Құсайыновтың** туғанына 80 жыл (1942)
31 желтоқсан	жазушы **З. Ж. Шашкиннің** туғанына 110 жыл (1912-1966)*

Айы мен күні белгісіз Павлодар облысының еске алынатын және аталып өтілетін күндер тізімі

Железинка бекінісінің ірге тасының (қазіргі Железинка аудан орталығының Железин ауылы) қаланғанына **305 жыл** (1717)
Торайғыр би Едігеұлының туғанына **250 жыл** (1772 -1825)
Орта жүз биі **Бердалы Қазанғапұлының** туғанына **220 жыл** (1802 -1842)
ақын-жырау, әнші **Қ. И. Бердалиннің** туғанына **155 жыл** (1867-1935)*
Павлодарда **телеграф** құрылғанына **150 жыл** (1872)
алғашқы қазақ дәрігері **А. Сүлейменовтың** туғанына **145 жыл** (1877-1937)
ақын, әнші, Қазақстанның халық әртісі **Қ. Байжановтың** туғанына **145 жыл** (1877-1966)*
әнші, аспасшы, музыкант **Т. Жұмағұловтың** туғанына **140 жыл** (1882-1964)
ғалым, тіл маманы, педагог **Ж. Д. Досқараевтың** туғанына **135 жыл** (1887-1972)
режиссер, драматург, қазақ театрының негізін қалаушы **Ж. Т. Шаниннің** туғанына **130 жыл** (1892-1938)*
Ақтоғай ауылының құрылғанына **115 жыл** (1907)
ақын **Б. Қаппасовтың (Қорт Боранбай)** туғанына **115 жыл** (1907-1991)
ақын, журналист **А.Теміржановтың** туғанына **110 жыл** (1912 -1962)
Воскресенск жағалауының Ермак селосы (қазіргі **Ақсу қаласы**) болып өзгергеніне **110 жыл** (1912)
педагог, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі **С. Д. Дүкенбаевтың** туғанына **105 жыл** (1917-1967)
«**Павлодарское**» ауылына **95 жыл** (1927)
Балалар жасөспірімдер экологиялық мектебінің ашылғанына **75 жыл** (1947)
«Павлодарочка» халық би ансамблінің құрылғанына **65 жыл** (1957)
Екібастұз ТЭЦ-нің алғаш рет іске қосылғанына **65 жыл** (1957)
Павлодар облыстық әдеби бірлестігіне П. Васильев есімі берілгеніне **65 жыл** (1957)
Павлодар қаласындағы алғашқы **үш бесқабатты үйлерге** қоныстандырылуына **65 жыл** (1957)
Ы. Алтынсарин атындағы облыстық қазақ гимназия-интернатының ашылғанына **60 жыл** (1962)
Павлодар металлоконструкция зауытының іске қосылғанына **60 жыл** (1962)
Шарбақты ауданы құрылғанына **55 жыл** (1967)
Павлодар қаласында **ТЭЦ-3** жұмысын бастағанына **50 жыл** (1972)
Екібастұз орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің құрылғанына **45 жыл** (1977)
Екібастұз тарихи-өлкетану музейінің ашылғанына **35 жыл** (1987)
Қазақстан корейлері қауымдастығының Павлодар филиалының тіркелгеніне **25 жыл** (1997)

«Павлодар облысында 2022 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер» күнтізбесіне берілген қысқаша анықтамалар мен әдебиеттер тізімі

1 қаңтар суретші, мүсінші, иллюстратор **Б. К. Машраповтың** туғанына 70 жыл (1952-2019)\

Машрапов Бота Қабыкенұлы 1952 жылы 1 қаңтарда Павлодар қаласында дүниеге келген. Алматы мемлекеттік театр-көркемсурет институтын (қазіргі Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы) бітірген. Мүсінші, дизайнер, суретші, график. 1992 жылдан ҚР Суретшілер одағының мүшесі.

Бота Қабыкенұлы Машрапов облыстың дамуына зор мәдени үлес қосты. Автор әр түрлі сурет салғанды жақсы көрді, мұражайлардың, мектептердің, клубтар мен мәдениет сарайларының интерьерін жасады. Бұқаралық ойын-сауық іс-шараларының («Семей – Невада», «Денсаулық-

халыққа», «Этноауыл») қоюшы суретшісі ретінде жұмыс істеді. Бірақ оның басты кәсібі мүсін болды. Оның қолымен жылдар бойы «Мұз қалашықтары» құрылды. Машрапов Ертіс өңірінің танымал адамдарының 20-дан астам бюсттері мен ескерткіштерін жасады. Олардың арасында Ауған жауынгерлерін еске алу мүсіні, театр алаңындағы Антон Павлович Чеховтың ескерткіші, Жасыл тоғайдағы Ұлы Жеңіс мемориалдық кешені және басқалары бар. Бота Машрапов ашық аспан астындағы мұражайға арналған Қаздар қонысы /Гусиный перелет/ палеонтологиялық ескерткіштің мүсіндерін жасау жөніндегі жұмыс тобының құрамына кірді.

Әдебиеттер:

Машрапов, Б. Сурет әлемінде / Б. Машрапов. - Алматы: Балалар әдебиеті, 2008. - 30 б.: сурет. - (Қыл қалам шебері).

***

Бота Машрапов: кескіндеме, сызба, мүсін, интерьер, сәндік қолданбалы өнер: каталог / кіріспе мақ. авт. М. Хусаинова; қазақ тіл. ауд. Ж. Уахиева; фот. Қ. Мәкібеков; құраст. Ә. Машрапова [ж. б.]. - Павлодар, 2012. - 61 б.: сурет., фот.

Машрапов Бота Қабыкенұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. – 483 - 484 б.

***

Есімханова, А. Өмірін қылқаламмен өрнектеген: [суретші Б. Қ. Машраповтың 60 жылдық мерейтойына орай] / А. Есімханова // Сарыарқа самалы. - 2012. - 26 қаңтар. - 15 б.

Машрапов, Б. Қ. "Әр күнім пеш жағумен басталады"..: [мүсінші Б. Қ. Машраповпен әңгіме] / әңгімелескен А. Есімханова / Б. Қ. Машрапов // Сарыарқа самалы. - 2013. - 10 қаңтар. - 3 б.

Бота Машрапов: [мүсінші, суретші Б. Қ. Машрапов жайлы] // Найзатас. - 2013. - № 1. - 104 - 107 б.

Хашымқызы, Қ. Қылқалам шебері: [павлодарлық суретші Бота Машрапов - 65 жаста] / Қ. Хашымқызы // Сарыарқа самалы. - 2017. - 14 наурыз. - 8 б.

Мазанұлы, Ж. Олжабай батыр / Ж. Мазанұлы // Сарыарқа самалы. - 2018. - 11 желтоқсан. - 10 б.

Хонж, А. Естайға ескерткіш орнатылды: [Ақтоғай ауданының орталығында әнші, сазгер, ақын, қазақ өнерінің біртуар тұлғасы Е. Беркімбайұлына ескерткіш-бюст орнатылды] / А. Хонж // Saryarqa samaly. - 2019. - 29 қазан. - 8 б.

Бықай, Ф. Естайдың ескерткіші: [Ақтоғай ауылының Балалар өнер мектебінің алдына композитор Е. Беркімбайұлының ескерткіші орнатылды] / Ф. Бықай // Egemen Qazaqstan. - 2019. - 1 қараша. - 10 б.

10 қаңтар Кеңес Одағының Батыры **К. Ф. Шуваловтың** туғанына 110 жыл (1912-1999)

Кеңес Одағының батыры Константин Фомич Шувалов 1912 жылы 10 қаңтарда Павлодар қаласында дүниеге келген. 1943 жылы ауылшаруашылықты механизациялау техникумын бітірді. Соликамск қаласында автобаза жұмыс істеді. 1936-1937 жылдары Кеңес армия қатарында болды. 1941 жылы кіші лейтенанттар курсын бітіріп, Соликамск қалалық әскери комиссариаты арқылы Қызыл Армия қатарына шақырылды. 1943 жылы 27 наурыздан бастап майданда болды.

1943 жылдың 13 қазынында 467-ші атқыштар полк (81-ші атқыштар дивизиясы, Орталық майдан) батальонының парторгі лейтенант К. Ф. Шувалов Гомель маңында Днепрге өту кезінде жеке өзі ерлік пен батырлық көрсетті. Днепрден өту кезінде және плацдармдағы ұрыста ең қиын жерлерде болды.

Ұлы Отан соғысында үлкен ерлік көрсетті. Днепрден өту кезінде көрсеткен қаһармандығы мен ерлігі үшін Кеңес Одағы Президиумының 1944 жылғы 15 қаңтардағы Жарлығымен лейтенант К.Ф.Шуваловқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

1946 жылы бронетанкілік және механикаландырылған әскерлер әскери Академиясының қасындағы офицерлер құрамының кәсіби деңгейін көтеру курстарын бітірді. 1962 жылдан подполковник К.Ф.Шувалов запаста болды. Одесса қаласында тұрып, әкімшілік-шаруашылық жұмыста болды. Ленин ордені, Қызыл Ту, I дәрежедегі Отан соғысы, екі рет Қызыл Жұлдыз ордендарымен және медальдармен марапатталған. 1999 жылы дүние салды.

Әдебиеттер:

Шувалов Константин Фомич // Совет Одағының қазақстандық батырлары. 2 т. - Алматы, 1969. - 413 - 414 б.

Қазақстандық Совет Одағының батырлары: [Шувалов Константин Фомич] // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. 4 т. - Алматы, 1984. - 1 т. - 256 б.

Қазақстандық Кеңес Одағының батырлары: [Шувалов Константин Фомич] // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 10 т. - Алматы, 2003. - 5 т. - 341 б.

Шувалов Константин Фомич // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 743 б.

Шувалов Константин Фомич // Жеңісіміздің жұлдыздары. 1941-1945= Звезды нашей Победы.1941-1945:биоблиографиялық көрсеткіш-библиографический указатель. - Павлодар, 2010. - 25 б.

***

Павлодарлық Кеңес Одағының Батырлары // Сарыарқа самалы. - 2010. - 6 мамыр. - 16 - 17 б.; Сарыарқа самалы. - 2010. - 8 мамыр. - 6 - 8 б.

Олар Днепрді кешіп өтті: [Кеңес Одағының Батыры К. Ф. Шувалов жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2015. - 26 қараша. - 11 б.

15 қаңтар ақын **Н. М. Чернованың** туғанына 75 жыл (1947)

Белгілі ақын-жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1979) Надежда Михайловна Чернова 1947 жылы 15 қаңтарда Павлодар облысы Баянауыл ауылында туған. С.М.Киров атындағы ҚазМу-дың журналистика факультетін сырттай бітірген (1971).

Н. Чернованың шығармашылық қызметі Семей облыстық телестудиясында басталды (1964-71). Онда телестудияның редакторы болды. Кейін Көкшетау облысында орта мектепте мұғалімдік жұмыс атқарды.

Н.Чернова Қазақстан Жазушылар Одағының Семей облыстық бөлімшесінде әдеби кеңесші болды (1971-1976). 1976 жылдан бастап Алматы қаласында тұрады. Университетті бітіргеннен кейін “Жалын” баспасында редактор, “Ленинская смена” газетінде әдеби қызметкер, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті жанындағы шығармашылық жастар кеңес басшысының орынбасары болды. 1980 жылдан “Простор” журналында бөлім редакторы қызметін атқарды.

Н.Чернова өлең жазумен бірге аудармамен де шұғылданды. Ол К.Ахметованың өлеңдерін орысшаға аударып, жеке кітапша етіп шығарды. Ақынның өз өлеңдері де қазақ, украин, якут, болгар тілдеріне аударылған. Ақынның шығармалары: «Возраст августа» (1979), «Цветущий саксаул» (1979), «Помню» (1979), «Кочевница» және т.б.

Өлеңдері қазақ, украин, якут, болгар тілдеріне аударылған, 2008 жылы Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты болды. «Құрмет» орденінің иегері.

Әдебиеттер:

Чернова, Н. Возраст августа: стихи / Н. Чернова. Алматы: Жазушы, 1978. - 91 с.

Чернова, Н. Приди и останься: стихи / Н. Чернова. Алматы: Жибек Жолы, 2004. - 174 с.

Чернова, Н. Небесный дом / Н. Чернова. Алматы: RISO, 2006. - 456 с.

****

Шаймерденова, М. Өнер мен мәдениеттегі Қазақстан этностарының өкілдері= Представители этносов Казахстана в искусстве и культуре: есімнамалар энциклопедися= энциклопедия персоналий / М. Шаймерденова; құраст.-авт. Ш. Әмірбеков. - Алматы: Золотая Книга, 2020. - 318 б.: портр., фотосурет.- (Qazaqstan halqy Assambleiasy).

Чернова Надежда Михайловна // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 720 б.

9 сәуір Кеңес Одағының Батыры **А. Ф. Горобецтің** туғанына 100 жыл (1922-1961)

Алексей Федорович Горобец 1922 жылы 9 сәуірде Павлодар облысы Ертіс ауданы, Корниловка ауылында шаруа отбасында дүниеге келген.

1941 жылы шілде айында Одесса облысы Ширяеевск ауданынан Совет армиясына шақырылды.

Ұлы Отан Соғысында 1942 жылдың ақпан айынан бастап майданда болды. Полтав облысы, Кременчуг ауданы, Клеберда ауылы тұсында, 139 рота бөлімшесінің аға радисі А.Ф. Горобец кешкілік 1943 жылы 29 қыркүйекте жау оғының астында Днепрден өтіп, рацияны бұрып абонементтермен байланыс орнатады. Келесі күні дене жарақатын алып, радиостанцияға зақым келеді. Бастығымен бірге радиостанцияны жөндеп, жараланғанына қарамастан байланысты орнатады.

Кеңес Одағы Батыр атағын 20.12.1943 жылы беріледі. 1947 жылы Киев әскери байланыс училищесін аяқтайды. Ленин орденімен және көптеген медальдарымен марапатталған.
1961 жылы 16-ші шілдеде майор Горобец қызметтік міндеттерін атқару барысында ажалынан бұрын дүниеден өтті.

Әдебиеттер:

Қазақстандық Совет Одағының батырлары: [Горобец Алексей Федорович] // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. 4 т. - Алматы, 1984. - 1 т. - 255 б.

Қазақстандық Кеңес Одағының батырлары: [Горобец Алексей Федорович] // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 10 т. - Алматы, 2003. - 5 т. - 340 б.

Горобец Алексей Федорович // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 273 б.

Горобец Алексей Федорович // Жеңісіміздің жұлдыздары. 1941-1945= Звезды нашей Победы.1941-1945:биоблиографиялық көрсеткіш-библиографический указатель. - Павлодар, 2010. - 8 б.

***

Павлодарлық Кеңес Одағының Батырлары // Сарыарқа самалы. - 2010. - 6 мамыр. - 16 - 17 б.; Сарыарқа самалы. - 2010. - 8 мамыр. - 6 - 8 б.

Олар Днепрді кешіп өтті: [Кеңес Одағының Батыры К. Ф. Шувалов жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2015. - 26 қараша. - 11 б.

***

Павлодарлық Кеңес Одағының Батырлары // Сарыарқа самалы. - 2010. - 6 мамыр. - 16 - 17 б.; Сарыарқа самалы. - 2010. - 8 мамыр. - 6 - 8 б.

Молдайып,С. Байланысшы: [Кеңес Одағының Батыры гвардия кіші сержанты Горобец Алексей Федорович] / С. Молдайып // Сарыарқа самалы. - 2015. - 15 қазан. - 15 б.

Байланысшы: [Кеңес Одағының Батыры, гвардия кіші сержанты А. Ф. Горобец жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2015. - 26 қараша. - 8 б.

Бойков, Н. Ертіс бойының ерлері: Сталинград шайқасына - 75 жыл / Н. Бойков // Сарыарқа самалы. - 2018. - 10 мамыр. - 6 б.

Кеңес Одағының Батырлары: [Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай Павлодар өңірінен шыққан Кеңес Одағының Батырлары мен "Даңқ" орденінің толық иегерлері туралы мәліметтер] // Saryarqa samaly. - 2020. - 7 мамыр. - 5 - 8 б.

24 сәуір өлкетанушы, шежіреші, ардагер ұстаз, Ұлы Отан соғысының ардагері **Х. А. Асқаровтың** туғанына 105 жыл (1917-2017)

Өлкетанушы, шежіреші, ардагер ұстаз, Ұлы Отан соғысының ардагері, Ертіс ауданының Құрметті азаматы, Жазушылар одағының мүшесі. 1917 жылы 24 сәуірде Ертіс ауданы Ертіс ауылында дүниеге келген. 1933 жылы ата-анасы қайтыс болғаннан кейін балалар үйінде тәрбиеленді. 1934 жылы жастар комсомол мектебін бітірді. 1936 жылы Алматы қаласындағы мұғалімдердің 2 жылдық курсын тәмамдады. 1938 жылы Алматы мұғалімдер институтын бітірді. 1938 жылы Талдықорған облысы Алакөл ауылында мұғалім. 1938 жылы әскер қатарына шақырылып, 1939 жылы Фин соғысына қатысты. Ауыр жарақаттан кейін еліне оралды. 1940 жылы Ертіс қазақ орта мектебінің қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі. 1941-1944 жылдары Ертіс қазақ он жылдық мектебінің директоры болды. 1944 жылдың қазан айында майданға шақырылып, Жапониямен соғысқа қатысқан. Отан соғысы орденімен, "Германияны жеңгені үшін", "Ерлігі үшін"медальдарымен марапатталған.

Соғыстан оралғаннан кейін, ұстаздық қызметін жалғастыруға шешім қабылдады, Семей педагогикалық институтын ойдағыдай бітіріп шығады. Өзінің 41 жылдық педагогикалық өтілі кезінде мұғалім, мектеп директоры, аудандық білім бөлімінің меңгерушісі болды.

1977 жылы зейнетке шыққаннан кейін ол журналистикада өзін сынап көруді шешті. Республикалық "Егемен Қазақстан", "Түркістан", "Дауа", облыстық "Руханият", "Сарыарқа самалы"газеттерінің беттерінде оның мақалалары жарияланды.

Мекке-Мединаға қажылық жасады.

«II дәрежелі Отан соғысы» ордені, «Қазақ ССР Оқу ісінің үздігі» белгісі. Аудандық облыстық білім басқармаларының Құрмет Грамоталарының иегері.

Әдебиеттер:

Асқаров, Х. Есімі ел есінде: (Ертіс-Баян өңірінде алғашқылардың бірі болып ағартушылық салада аянбай еңбек етіп, ғылым мен білімге сүбелі үлес қосқан ардақты азаматтың бірі - Жармұхамет Тіленшин туралы) // Сарыарқа самалы. - 2018. - 24 қараша. - 9 б.

Асқаров, Х. Әйгілі ғұлама Тәңірберген: [Діни ғұлама Тәңірберген молда жайлы] // Сарыарқа самалы. - 2004. - 10 қаңтар. - 5 б.

Асқаров, Х. Ұлы Ертістің қамын ойлаған азамат: ["Ұлы Ертіс" ассоциациясының президенті, инженер-мелиоратор Жанайдар Рамазанов туралы] // Сарыарқа самалы. - 2003. - 15 наурыз. - 6 б.

Асқаров, Х. Шаруа мектебі - алғашқы оқу орны // Сарыарқа самалы. - 2001. - 28 қыркүйек. - 2 б.

***

Әміренов, Ф. Қазыналы қария: [ардагер ұстаз, өлкетанушы, шежіреші, Ұлы Отан соғысының ардагері, журналист Ханафия Асқаров 95 жасқа толды] / Ф. Әміренов // Сарыарқа самалы. - 2012. - 3 мамыр. - 3 б.

Әлімбай, М. Қарт шежіреші Ханафия: [ардагер ұстаз, өлкетанушы, шежіреші, Ұлы Отан соғысының ардагері, журналист Ханафия Асқаровтың 100 жасқа толуына арналған өлең] / М. Әлімбай // Сарыарқа самалы. - 2017. - 6 мамыр. - 3 б.

Адамов, А. Ғасыр жасаған жауынгер: [ардагер ұстаз, өлкетанушы, шежіреші, Ұлы Отан соғысының ардагері, журналист Ханафия Асқаров 100 жасқа толды] / А. Адамов // Сарыарқа самалы. - 2017. - 6 мамыр. - 3 б.

Ибадуллин, Т. Ғасыр жасаған шежіреші: [ардагер ұстаз, өлкетанушы, шежіреші, Ұлы Отан соғысының ардагері, журналист Ханафия Асқаров 100 жасқа толды] / Т. Ибадуллин // Сарыарқа самалы. - 2017. - 6 мамыр. - 3 б.

Әйтенов, С. Тіл майданының күрескері еді: [ардагер ұстаз, өлкетанушы, шежіреші, Ұлы Отан соғысының ардагері, журналист Ханафия Асқаров жайлы] / С. Әйтенов // Сарыарқа самалы. - 2017. - 25 қараша. - 7 б.

Мақұл, У. Ұлтты сүйді: [ардагер ұстаз, өлкетанушы, шежіреші, Ұлы Отан соғысының ардагері, журналист Ханафия Асқаров жайлы] / У. Мақұл // Сарыарқа самалы. - 2017.

- 25 қараша. - 7 б.

Қайыров, Е. "Абайды дүниеге айырбастамаймын": [өлкетанушы, ақын, журналист, ұстаз, тіл жанашыры Ханафия Асқарұлы жайлы] / Е. Қайыров // Сарыарқа самалы. - 2018. - 13 қазан. - 9 б.

Молдайып, С. Ғасыр - ғұмыр: [ардагер ұстаз, өлкетанушы, шежіреші, Ұлы Отан соғысының ардагері, журналист Ханафия Асқаров жайлы] / С. Молдайып // Saryarqa samaly. - 2019. - 2 мамыр. - 12 б.

Молдайып, С. Таным мен таразы: [ардагер ұстаз, өлкетанушы, шежіреші, Ұлы Отан соғысының ардагері, журналист Ханафия Асқаров жайлы] / С. Молдайып // Saryarqa samaly. - 2019. - 9 мамыр. - 24 б.

Молдайып, С. Қос майдангер: [Ертіс ауданының тумалары, Ұлы Отан соғысына қатысқан Кәбіш Баязитов пен Ханафия Асқарұлы жайлы] / С. Молдайып // Saryarqa samaly. - 2020. - 14 мамыр. - 17 б.

Мархаба, Т. Майдангер. Ұстаз. Қаламгер: [Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, өңірімізге белгілі ұстаз әрі өлкетанушы, үш соғыстың куәгері болған Ханафия Асқаровты еске алу кеші өтті] / Т. Мархаба // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 10 сәуір. - 12 б.

Мақұл Ульян. Өнегелі ғұмыр белесі: [Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, өңірімізге белгілі ұстаз әрі өлкетанушы, үш соғыстың куәгері болған Ханафия Асқаров жайлы] / У. Мақұл // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 22 сәуір. - 15 б.

25 сәуір ақын, журналист, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі **О. Н. Григорьеваның** туғанына 65 жыл (1957)

Ольга Николаевна Григорьева 1957 жылы 25 сәуірде Новосибирск қаласында дүниеге келген.

1971 жылдан бастап Қазақстанда (1977 жылдан бастап Павлодар қаласында) тұрады. С.М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің (Алма-Ата) журналистика факультетін аяқтаған.

Ольга Николаевна «Данилкин кораблик» (А., 1985), «Ертіске саяхат» (А., 1989), «Бузиктің шытырман оқиғалары» (А, 1991), «Солнечный мячик» (А,1998), «Солнечный мячик» (Павлодар, 2000), «Павлодарлық әліппе» (Павлодар, 2005), «Тәрбиелі бала» (Павлодар, 2006), «Омбы әліппесі» (Омбы, 2007) сияқты балаларға арналған кітаптардың авторы болып табылады.

Сонымен қатар «Середина сентября» (Павлодар, 1993), «Мәңгі сюжет» (Павлодар, 1996), «Жалғыз тұрған ағаш» (Павлодар, 1998), «Есік» (Павлодар, 1999), «Менің достарым ән салады» (Павлодар, 2001), «Павлодардан ізгі ниетпен» (Павлодар, 2003), «Никогда не оглядывайся» (Павлодар, 2005), «Из семи тетрадей» (Павлодар, 2007), «Фотоөлеңдер» (Павлодар, 2007) поэтикалық кітаптары, «Вы - история, не поколение» (Павлодар, 2002), «Золотой песок бытия» (Павлодар, 2006) очерк кітаптарының авторы.

Ольга Григорьеваның өлеңдері мен очерктері «Студенческий меридиан» (Мәскеу), «Миша» (Мәскеу), «Складчина» (Омбы), «Омская муза» (Омбы), «Нива» (Астана), «Простор» (Алма-Ата), альманах «Южная звезда» (Ростов-на Дону) журналдарында, «Русская словесность в мировом культурном контексте» (Мәскеу, Достоевский қоры, 2004) Халықаралық Конгресс материалдарының жинағында және басқа да ғылыми жинақтарда басылды.

Ольга Григорьеваның «Современное русское зарубежье» өлеңдері (М., 2005) 7-томдық антологияға енді.

Шығыс Қазақстан драма театрының (Өскемен) сахнасында Ольга Григорьеваның «Дочери царя» пьессасы бойынша «Марина Цветаева» қойылымы өтуде.

Павлодар облыстық «Звезда Прииртышья» газетінің мәдениет мәселесі бойынша шолушысы болып жұмыс істейді.

Қазақстан тілшілер одағының мүшесі. «Мәдениет қайраткері» құрмет белгісімен наградталған.

2008 жылдың 25 тамыз күні Мәскеу қаласы «Марина Цветаеваның мұражай-үйі» мәдени орталығында М.И. Цветаева атындағы екінші халықаралық әдеби сыйлығы ұсынылды. Сыйлық екі

номинациядан: қазіргі заман поэзиясы және М.И. Цветаеваның өмірі мен шығармашылығын зерттеу бойынша берілді. Цветаева атындағы сыйлық 2007 жылдан бастап бекітілген.

Әділқазылар алқасы 2007-2008 жылдары шығарылған 26 поэтикалық жинақты бағалады. Шығармашылық мұраға зор үлес қосқаны үшін М.И. Цветаева атындағы сыйлық ақын, Қазақстан тілшілер одағының мүшесі, Павлодар облыстық «Звезда Прииртышья» газетінің мәдениет мәселесі жөніндегі шолушысы Ольга Николаевна Григорьеваға табыс етілді. Конкурсқа ұсынылған шығармалардың арасынан ақынның «Из семи тетрадей» жинағы ең үздік болып танылды.

О. Григорьева «2007 жылдың үздік балалар тілшісі» номинациясындағы «Балалық шақ досы» құрмет лауазымының иесі атанды.

Әдебиеттер:

Қазақстан-Беларусь: әдеби альманах=литературный альманах. - Алматы: Жібек Жолы, 2020. - 511 б. (Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл)

Баязитов, С. Алаш арыстары: өдеңдер, поэмалар, аңыздар, сатиралық повесть, әңгімелер / С. Баязитов. - Астана: Фолиант, 2012. - 340 б.

***

Григорьева, О. Ғазиз Қаныштың ағасы / О. Григорьева // Сарыарқа самалы. - 2003. - 6 қаңтар. - 5 б.

Григорьева, О. Президент Назарбаевтың Омбыға сыйлығы / О. Григорьева // Сарыарқа самалы. - 2004. - 12 ақпан. - 2 б.

Григорьева, О. 96-ның қысы: өлеңдер / О. Григорьева // Айдын. - 2006. - № 1. - 36 -37 б.

***

Григорьева Ольга Николаевна // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 273 б.

***

Григорьева, О. Ақын, мәдениет қайраткері О. Григорьева: Ішкі сезімді қара сөзден гөрі өлеңмен өргенді қалаймын / О. Григорьева // Сарыарқа самалы. - 2006. - № 1. - 36 - 37 б.

Жұматов, Ғ. Жыр шуағы төгілді: [ақын О. Григорьеваның мерейтойына орай әңгіме] / Ғ. Жұматов // Сарыарқа самалы. 2007. - 22 мамыр. - 4 б.

Жұмаділов, Д. Оқырман жүрегіне жол тапқап: [О. Григорьеваның жаңа кітабы «Четыре тебя» туралы] / Д. Жұмаділов // Сарыарқа самалы. - 2009. - 10 қазан. - 8 б.

Қабылденова, Қ. Көршілес ел құрметі: [РФ Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі М. Бочарников павлодарлық зиялы қауым өкілдерімен кездесті] / Қ. Қабылденова // Сарыарқа самалы. - 2014. - 12 тамыз. - 2 б.

Баязитов, С. Өлеңі - өмір өрнегі!: [ақын О. Григорьева жайлы] / С. Баязитов // Saryarqa samaly. - 2019. - 2 сәуір. - 6 б.

30 сәуір қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының кандидаты **О. Қожановтың** туғанына 85 жыл (1937-2018)

Оралбек Қожанұлы Қожанов 1937 жылы 30 сәуірде Павлодар облысы Ақсу қаласында туған. Қоғам қайраткері. Ғалым-зоотехник, экономика ғылымдарының кандидаты (1975). 1960 жылы Семей зоотехникалық-ветеринарлық институтын бітірген. 1960-1961 жылдары Павлодар ауданы «Шақат» совхозы фермасының, 1961-1965 жылдары Железинка ауданы «Михайловский» совхозының зоотехнигі болды. 1965-1970 жылдары Железинка аудандық атқару комитетінің председателі. 1970-1975 Баянауыл аудандық ауылшаруашылық басқармасының бастығы, 1975-1976 жылдары облыстық ауылшаруашылық бастығының орынбасары, Павлодар облысы бойынша ауылшаруашылық өнімдерін дайындау мен сапасын тексеру бас мемлекеттік инспекторы қызметтерін атқарды.

1978-1988 жылдары Қазақстан Компартиясы Екібастұз аудандық комитетінің бірінші хатшысы. 1989-1992 жылдары облыстық агроөнеркомбинатының председателі, кейін облыстық атқару комитетінің председателі, 1992-1997 жылдары Павлодар облыстық ауылшаруашылық басқармасында жұмыс істеп, кейін облыстық әкімнің бірінші орынбасары болды.

О.Қожанов 1998-1999 жылдары Қ.И.Сәтбаев Халықаралық қоры Павлодар бөлімінің директоры. 2000 жылдан бері «Қ.И.Сәтбаев атындағы тарихи-географиялық қоғамы» қорының атқарушы директоры қызметін атқаруда. 1977 жылы Меккеге кіші хадж жасаған.

1996 жылы О.Қожановтың «Өмір жолдан басталады», ал, 2001 жылы «Ой өрнектері» кітаптары шықты. Он жылдан аса облыстық ономастикалық комиссиясын басқарады.

Еңбегі үшін Еңбек Қызыл ту орденімен, Халықтар достығы медальдарымен, ҚазКСР Жоғарғы кеңесінің Президиумы грамотасымен марапатталған.

Әдебиеттер:

Қожанұлы, О. Ой өрнектері / О. Қожанұлы. - Павлодар: ЭКО, 2001. - 177 б.

Қожанұлы, О. Қажымұқан / О. Қожанұлы. - Павлодар: ЭКО, 2006. - 193 б.

Қожанұлы, О. Өмір жолдан басталады / О. Қожанұлы. - Алматы: Жібек жолы, 2006. - 193 б.

Қожанов, О. Жасыбай тастары = Камни Жасыбая= Stones of Zhasybay: фотоальбом / О. Қожанов. - Павлодар:ЭКО, 2007. - 153 б.

***

Қожанұлы, О. Алып пен ақын / О. Қожанұлы // Сарыарқа самалы. - 2006. - 9 ақпан. – 11 б., 22 наурыз. - 15 б.

Қожанұлы, О. Ғылымға сара жол салған / О. Қожанұлы // Сарыарқа самалы. - 2006. - 11 сәуір. - 3 б.

Қожанов, О. Қажымұқан мен Қажытай: [«Қажымұқан» кітабынан үзінді] / О. Қожанов // Айдын. - 2006. - № 1. - 76 - 86 б.

Қожанов, О. Ғылымның жарық жұлдызы: [ғалым Қ. Сәтбаевтың туғанына – 108 жыл] /О. Қожанов // Сарыарқа самалы. - 2007. - 12 сәуір. - 6 б.

Қожанов, О. Өткенді ерек қадірлеген: [жерлесіміз, жазушы Д. Әбілев жайлы] / О. Қожанов // Сарыарқа самалы. - 2008. - 1 наурыз. - 5 б.

***

Қожанов Оралбек // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 449 б.

***

Кәрімов, Қ. Ғұмыры ел тірлігімен өзектес: ["Қ. Сәтбаев атындағы тарихи-географиялық қоғамы" қоғамдық қорының директоры, жазушы О. Қожанұлының 65 жасқа толу мерейтойына орай әңгіме] / Қ. Кәрімов // Сарыарқа самалы. - 2002. - 14 мамыр. - 6 б.

Адамұлы, А. Орекең ел ағасы: ["Қ. Сәтбаев атындағы тарихи-географиялық қоғамы" қоғамдық қорының директоры, жазушы О. Қожанұлының 75 жасқа толу мерейтойына орай әңгіме] / А. Адамұлы // Сарыарқа самалы. - 2012. - 12 мамыр. - 6 б.

Салықов, К. Қаныштың қайсар інісі: [жазушы О. Қожановқа арналған өлең] / К. Салықов // Сарыарқа самалы. - 2012. - 12 мамыр. - 6 б.

Түгелбаев, Ә. Мұратына жеткен азамат: [қоғам қайраткері, жазушы О. Қожанұлы 80 жаста] / Ә. Түгелбаев, М. Ерғалиев // Сарыарқа самалы. - 2017. - 11 мамыр. - 8 б.

Амантайұлы, Ж. Ел ағасына - құрмет: ["Қ. Сәтбаев атындағы тарихи-географиялық қоғамы" қоғамдық қорының директоры, жазушы О. Қожанұлының 75 жасқа толу мерейтойына орай әңгіме] / Ж. Амантайұлы // Сарыарқа самалы. - 2012. - 17 мамыр. - 2 б.

Әбділұлы, А. Еселі еңбек иесі: [павлодарлықтар мемлекет қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының кандидаты О. Қожановтың 80 жылдық мерейтойын атап өтті] / А. Әбділұлы // Сарыарқа самалы. - 2017. - 16 мамыр. - 5 б.

Нухұлы, А. Орны ерекше Оралбек аға: [мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы О. Қожанұлының рухына] / А. Нухұлы // Saryarqa samaly. - 2019. - 12 қыркүйек. - 17 б.

Шәкірұлы, Қ. Ағаның ұлағаты: [мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы О. Қожанұлының рухына] / Қ. Шәкірұлы // Saryarqa samaly. - 2019. - 12 қыркүйек. - 17 б.

Шөкеев, Р. Елінің ардақтысы еді: [қоғам қайраткері, жазушы О. Қожанов жайлы] / Р. Шөкеев // Сарыарқа самалы. - 2018. - 1 қараша. - 17 б.

Шөкеев, Р. Елінің ардақтысы еді: [қоғам қайраткері, жазушы О. Қожанов жайлы] / Р. Шөкеев // Ардагер / Ветеран. - 2018. - 1 қараша. - 2 б.

2 мамыр географ, өлкетанушы, Павлодар облысын зерттеуші **З. В. Кузнецованың** туғанына 105 жыл (1917-1999)

Павлодар облысының экономикасы мен географиясын зерттеген ғалым Зоя Владимировна Кузнецова Башқұрт АССР-нің Бирс қаласында 1917 жылы 2 мамырда туған. 1935 жылы педагогикалық техникумды, ал 1941 жылы ҚазМУ география факультетін бітірді. Алматы қаласында мектепте география сабағынан дәріс берді.

З. Кузнецова 1951-1963 жылдары ҚазКСР-нің ҒА-ның география секторында қызмет жасап, 1963 жылдан экономика институтында жұмыс істейді.

З. Кузнецованың 10-нан астам ғылыми еңбектері бар. Орыс тілінде “Павлодар облысы” атты кітабы жарық көрді.

Әдебиеттер:

Кузнецова Зоя Владимировна // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 398 - 399 б.

10 мамыр актер, режиссер, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген әртісі, ҚазКСР-інің халық әртісі **Б. У. Омаровтың** туғанына 95 жыл (1927-2008)

Бәйтен Уәлиханұлы Омаров 1927 жылы 10 мамырда Павлодар қаласында туған. 1948 жылы Алматы қаласындағы киноактерлер мектебін, ал 1954 жылы Ташкент мемлекеттік театр – көркемсурет институтының режиссерлік факультетін бітірді. 1944-1949 жылдары Қазақ радиокомитеті жанындағы халық аспаптар оркестрінде (Алматы қ.) қызмет етті.

Б.Омаров режиссерлік өнер жолын 1953 жылы тұңғыш рет Н.В.Гогольдің «Үйлену» комедиясын (қ. Атырау обл. драма театры) қоюмен бастады. 1954 жылдан Семей облыстық драма театрында (қ. Семей обл. музыкалық драма театры; 1956 жылдан осы театрдың бас режиссері, ал 1965 жылдан әрі директоры) режиссер, одан кейін Ұйғыр мемлекеттік комедия театрында (1971-1975), Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрында (1977-1980), Қазақконцертте (1980-1984), бұрынғы Талдықорған обл. драма театрында (1984-1989, 1986 жылдан әрі директоры) бас режиссер, ал 1975-1977 жылдары ҚазКСР-і Мәдениет министрлігіндегі өнер істері басқармасының бастығы болды.

Б.Омаров 1987 жылдан республикалық дәрежедегі зейнеткер. Ол ұлттық және аударма драматургия бойынша көптеген спектакльдерді қою арқылы Семей облыстық драма театрында режиссерлік өнердің профессионалдық жағынан қалыптасып дамуына елеулі үлес қосты. Осы театрда қойған спектакльдері қатарында: А.Қаһардың «Ауру тістері» (1955). М.Әуезовтің «Еңлік - Кебегі» (1956) мен «Қарагөзі» (1960), Ғ. Мүсреповтің «Ақан сері - Ақтоқтысы» (1957), Назым Хикметтің «Махаббат туралы аңызы», Гогольдің «Ревизоры» (екеуі де 1957; соңғысы 1958 жылы Қазақстан театры көктем байқауының 1-дәрежелі дипломымен марапатталды), Ә.Тәжібаевтың «Майрасы» (1958, Қазақстан театр көктемі байқауының 1-дәрежелі дипломына ие болды; 1969, Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театры; 1983, Павлодар облыстық драма театры), Қ.Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» мен «Жат елдесі» (1969), Қ.Мұхаметхановтың «Комиссар Ғаббасов» (1964, 1968), Ш.Айтматовтың «Жәмила» (1964, «Махаббат жолы» деген атпен қойылды), Б.Жәкиевтің «Әке тағдыры» (1966), А.Бектің «Волокалам тас жолы» т.б.

Б. Омаровтың басқа да қойған спектакльдері бар. Олар: И. Саттаров пен В. И. Дьяковтың «Ғарип пен Сәнәмі», С.Мұқановтың «Қашғар қызы», Қ.Бәйсейітов пен Қ.Т.Шаңғытбаевтың «Ой, жігіттер-айы», С. Хасановтың «Таза ауа жұтайығы», Қ.Ысқақовтың «Таңғы жаңғырығы»,

Ғ.Мүсіреповтың «Ұлпаны» бойынша, Д. Исабековтің «Әпкесі», Ш. Мұртазаның «Сталинге хаты», У. Шекспирдің «Асауға тұсауы» және т.б.

1987 жылы ҚазКСР-нің халық әртісі, ал 1958 жылдан ҚазКСР-нің Еңбек сіңірген әртісі атақтарына ие болған.

Б. Омаров 1987-1997 жылдары Қазақстан театр қайраткерлері Одағының вице-президенті болып, 1994 жылдан Алматы эстрадалық цирк өнері колледжінің актерлік бөлімінде педагогикалық қызметпен айналысады. 2004 жылдан бастап осы колледждің «Жас талант» театрының көркемдік жетекшісі, әрі режиссері.

Әдебиеттер:

Омаров Бәйтен Уәлиханұлы // Қазақ ССР: қысқаша энциклопедия. 4 т. - Алматы, 1989. - 4 т. - 465 - 466 б.

Омаров Бәйтен Уәлиханұлы // Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. 10 т. - Алматы, 2005. - 7 т. - 126 б.

Омаров Бәйтен Уәлиханұлы // Қазақ мәдениеті: энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы. - 2010. - 489 - 490 б.

Омаров Бәйтен Уәлиханұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 538 б.

***

Құлатай, Т. Шәукенге қайта оралған: Қасым қажы мешіті / Т. Құлатай // Сарыарқа самалы. - 2012. - 5 сәуір. - 8 б.

25 маусым Кеңес Одағының Батыры **С. К. Токаревтің** туғанына 100 жыл (1922-1996)

Степан Кириллович Токарев 1922 жылы 25 маусымда Павлодар облысы Сергеевка селосында (қазіргі Шарбақты ауданы) туған. Соғысқа дейін Магнитогорск кәсіпорнының бірінде жұмысшы болды. Қызыл Армия қатарына 1941 жылы Магнитогорск қалалық әскери комиссарияты арқылы шақырылды. Ржев, Орел, Курск үшін ұрыстарға қатынасып, Десна, Шара, Нарев, өзендерінен өтті. Төрт рет жараланды. «Ерлігі үшін» медалімен, Қызыл ту және Қызыл жұлдыз ордендерімен наградталды.

1944 жылы 1 шілдеде 194-Қызыл тулы атқыштар дивизиясының бөлімдері Минск-Бобруйск бағытында шабуыл жасау ұрыстарын жүргізді. Жау табандылықпен қарсылық етті. Бұл күні 616-атқыштар полкінің бөлімшелері ілгері жылжып келе жатқан Минск-Бобруйск тас жолына қарай гитлершілер тобы шығып, тас жолдың едәуір бөлігін үсті-үстіне атқылай бастады. Атқыштар полкінің бөлімшелері бөгеліп қалды. Пулемет расчетінің командирі аға сержант Степан Токарев жалма-жан өз пулеметің бұрып алып, фашистерге оқ жаудырды. Елуден астам гитлерші жер жастанып, өзгелері үйреніп қаша жөнелді.

9-шілдеде дивизия бөлімдері Шара өзеніне қарай шықты. Артиллерияның қардай бораған оғына қарамастан, Степан Токарев өзінің станокты пулеметімен өзен өткелінен өтіп, дұшпанды тура көздеп оқ жаудырды. Пулемет оғының тасасымен бөлімше су бөгеттерінен ойдағыдай өтіп шықты.

7-тамызда дивизия бөлімдері Белосток облысындағы ірі елді-мекен төңірегінде дұшпанның қорғаныс шебін бұзып өту мақсатымен ұрыс жүргізеді. Аға сержант С. Токарев өзінің пулеметімен бір биіктіктің басына шығып, дұшпанның оғын өз жағына аударады, сөйтіп бөлімшелеріміздің жау траншеяларын тартып алуына жеңілдік жасады.

3-қыркүйекте дивизия Нарев өзеніне кіре беріс жерде дұшпанның мейілінше нығайтылған қорғаныс шебіне тап келді. Осы шепті бұзып өту кезінде атқыштар бөлімшелерімен бірге, С.К. Токарев өзінің пулеметімен дұшпанның траншеясына басып кіріп, жаудың екі пулеметін және отыздан астам гитлершінің көзін құртты. Жаудың жаяу әскерінің қарсы атакасын тойтара отырып, ер жүрек пулеметші дұшпанның қырыққа жуық солдаты мен офицерін жойды.

1944 жылы 5 қыркүйекте таң сәріде Нарев өзенінен өту басталды. Совет жауынгерлерінің шағын ғана тобы тартып алған бір кішкентай жер пұшпағында қиян-кескі ұрыс болды. Гитлершілер сегіз дүркін көтеріліп, қарсы атака жасады, бірақ әр жолы кейін ысырылып тасталды: коммунист Степан Токарев гитлершілер тізбегін мөлшерлі жерге жіберіп алып, дәл көздеп атып, жусатып отырды. Батыл жауынгерлер өз полкі бөлімшелерін өзеннен өтер жерде оқпен қалқалай отырып, басып алған шептерін қараңғы түскенге дейін сақтап қалды.

1945 жылы 24 наурызда Степан Кириллович Токарев Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 1945 жылдың желтоқсанында ол Қарулы Күштер қатарынан демалысқа шықты. Магнитогорск индустриялық техникумын бітірген.

1996 жылы 22 маусымда РФ Челябинск облысы МАгнитогорск қаласында дүние салған. Батырды Челябинск пен Магнитогорскіде ғана біліп қоймай, сонымен қатар, туған жері Павлодар өңірінде де оның есімі ұмытылмаған. Ол туралы және оның ерліктері жайлы Павлодар облыстық және Шарбақты аудандық мұражайларда толық айтылған.

Әдебиеттер:

Қазақстандық Кенес Одағының Батырлары: [Токарев Степан Кириллович] // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 10 т. - Алматы, 2003. - 5 т. - 341 б.

Қазақстандық Совет Одағының батырлары: [Квитков Александр Спиридонович] // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. 4 т. - Алматы, 1984. - 1 т. 257 б.

Квитков Александр Спиридонович // Жеңісіміздің жұлдыздары. 1941-1945 = Звезды нашей Победы.1941-1945: биоблиографиялық көрсеткіш-биобиблиографический указатель. - Павлодар, 2010. - 24 б.

***

Павлодарлық Кеңес Одағының Батырлары // Сарыарқа самалы. - 2010. - 6 мамыр. - 16 - 17 б.; Сарыарқа самалы. - 2010. - 8 мамыр. - 6 - 8 б.

20 шілде ақын, драматург **А. Шамкеновтың** туғанына 95 жыл (1927-2004)

Аманжол Шамкенов 1927 жылы 20 шілдеде Павлодар облысы Ертіс ауданында туған. 1950 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген соң «Әдебиет және өнер» (қ. «Жұлдыз») журналында бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметтерін атқарды.

Қазақ КСР Мәдениет министрлігінде, Қазақ КСР Радио комитетінде, Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті көркем әдебиет редакциясында, «Жазушы» баспасында Бас редактор, Қазақстан Жазушылар одағы көркем әдебиетті насихаттау бюросында директорлық міндет атқарды.

А.Шамкеновтың тұңғыш жинағы «Студент сыры» деген атпен 1951 жылы басылып шықты. 40 шақты кітабы жарық көрген. «Табамын сені», «Сен жалғыз емессің», «Уәкілдер», «Майор Майданов» атты актілі пьесалары сахнада қойылған.

Пушкиннің, Лермонтовтың, Хикметтің, Есениннің, Исаковскийдің, Бажанның, Құлиевтің бірқатар өлеңдерін, Г.Тушканның «Жора» романын, Н.Хикметтің «Әпенде», М.Шатровтың «Большевиктер», В.Розовтың «Өмір жолдары» атты пьесасын қазақ тіліне аударды. Оның аудармасында немістің ұлы ақыны Г.Гейненің лирикасы жеке кітап болып шықты.

Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. Халықаралық Дж. Неру атындағы сыйлықтың лауреаты.

Әдебиеттер:

Шамкенов, А. Сырларым менің: таңдамалы өлендер мен поэмалар / А. Шамкенов; ред. С. Жиенбаев. - Алма-Аты: Жазушы, 1970. - 360 б.

Шамкенов, А. Сырларым менің: таңдамалы өлеңдер мен поэмалар / А. Шамкенов; ред. С. Жиенбаев. - Алматы: Жазушы, 1970. - 359 б.

Шамкенов А. Жайлау кеші: өлеңдер мен поэма / А., Шамкенов.- Алматы: Жазушы, 1976.- 136 б.

Шамкенов, А. Тандамалы: өлеңдер мен поэмалар / А. Шамкенов. - Алматы: Жазушы, 1977. - 247 б.
Шамкенов, А. Шапак: әңгімелер / А. Шамкенов. - Алматы: Жалын, 1979. - 200 б.
Шамкенов, А. Сәби үні: жолжазба, эссе әңгіме / А. Шамкенов. - Алматы: Жалын, 1988. - 336 б.
Шамкенов, А. Ақылды бала: өлең және дастан / А. Шамкенов. - Алматы: Рауан, 1992. - 86 б.
Шамкенов, А. Құралай сұлу: пьесалар / А. Шамкенов. - Алматы: Өнер, 1994. - 252 б.
Шамкенов, А. Өмір тынысы: әңгімелер мен очерктер / А. Шамкенов. - Алматы: Қазақстан, 1996. - 103 б.
Шамкенов, А. Саржайлау самалы: дастандар / А. Шамкенов. - Алматы: Жазушы, 1996. - 360 б.
Шамкенов, А. Өмір толқыны: өлеңдер / А. Шамкенов. - Алматы: Жалын, 1997. - 110 б.
Шамкенов, А. Ортақ үй: Өлеңдер / А. Шамкенов. - Алматы: Жазушы, 2001. - 79 б.
Шамкенов, А. Өмірім менің-өлеңім. Т. 1, 2 / А. Шамкенов. - Павлодар: ЭКО, 2007
Шамкенов, А. Жайлау дастан. Т. 1 / А. Шамкенов; құраст. А. Ж. Құдабаев. - Павлодар: Сытина баспасы, 2012. - 298 б.
Шамкенов, А. Ой толғам. Т. 5 / А. Шамкенов; құраст. А. Ж. Құдабаев. - Павлодар: Сытина баспасы, 2012.- 346 б.
Шамкенов, А. Сұлулықтың сыры: пьесалар. Т. 3 / А. Шамкенов; құраст. А. Ж. Құдабаев. - Павлодар: Сытина баспасы, 2012. - 366 б.
Шамкенов, А. Ұстазым: лирикалық өлеңдер. Т. 2 / А. Шамкенов; құраст. А. Ж. Құдабаев. - Павлодар: Сытина баспасы, 2012. - 184 б.

***

Әбдіраш, Ж. Құлпытас: тандамалы / Ж. Әбдіраш. - Алматы: Мер-Press, 2017. - 287 б.
Әсеттің әсем әндері: екі томдық. Кіт. 2 / құраст. Н. Нүсіпжанов, А. Бейсеуов. - Алматы: Өлке, 2015. - 463 б.
Қазақ әндері. Т. 3 / құраст. М. Ілиясов. - Алматы: ҚАЗақпарат, 2013. - 378 б.
Қирабаев, С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет: зерттеулер мен мақалалар / С. Қирабаев. - Алматы: Ғылым, 1979. - 447 б.

***

Шамкенов Аманжол // Советтік Қазақстан жазушылары. - Алматы, 1987. - 682 б.
Шамкенов Аманжол // Қазақ ССР: қысқаша энциклопедия. 4 т. - Алматы, 1989. - 4 т. - 624 б.
Шамкенов Аманжол // Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. 10 т. - Алматы, 2007. - 9 т. - 434 б.
Шамкенов Аманжол // Қазақстан жазушылары. XX ғасыр: анықтамалық. - Алматы, 2004. - 333 б.
Шамкенов Аманжол // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2005. - 543 - 544 б.
Шамкенов Аманжол // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 725 б.

***

Шамкенов, А. Мақтанам: (Мұхтар Әуезовке) / А. Шамкенов // Сарыарқа самалы. - 2012. - 19 шілде. - 14 б.
Шамкенов, А. "Дөңгелей берсін жұмыр жер": өлеңдер / А. Шамкенов // Найзатас. - 2012. - № 4. - 103 - 111 б.
Шамкенов, А. Босағада тұрғандаймыз біз әлі.: өлең / А. Шамкенов // Сарыарқа самалы. - 2012. - 22 қараша. - 14 б.
Шамкенов, А. Кереку туралы сыр: өлең / А. Шамкенов // Сарыарқа самалы. - 2013. - 15 қаңтар. - 9 б.
Шамкенов, А. Ескі паровоз: өлең / А. Шамкенов // Сарыарқа самалы. - 2017. - 10 тамыз. - 14 б.

***

Жұматов, Ғ. Сабырмен тыңдап ел демін..: [ақын А. Шамкеновтің 85 жылына орай] / Ғ. Жұматов // Сарыарқа самалы. - 2012. - 19 шілде. - 15 б.
Баязитов, С. Кезің бұл абыз атанған..: [ақын А. Шамкеновтің 85 жылына орай арналған өлең] / С. Баязитов // Сарыарқа самалы. - 2012. - 22 қараша. - 14 б.

Сланбекова, Ж. Жерлестерінің мақтанышы: [ақын А. Шамкеновтің 85 жылына орай] / Ж. Сланбекова // Сарыарқа самалы. - 2012. - 22 қараша. - 15 б.

Әбдірахманов, М. Парасат тұнған жырлар: Қазақ әдебиетінің жарқын өкілі, жерлес ақын Аманжол Шамкеновтің туғанына - 85 жыл / М. Әбдірахманов // Сарыарқа самалы. - 2012. - 22 қараша. - 14 - 15 б.

Бақраденова, А. Ұстазға тағзым еткен қаламгер: (А. Шамкеновтің 90-жылдық мерейтойына) / А. Бақраденова // Найзатас. - 2017. - № 3. - 105 - 113 б.

Гейне, Г. Лирикалық интермеццо: [аударма] / Г. Гейне; аударған А. Шамкенов // Найзатас. - 2017. - № 3. - 24 - 31 б.

Сержанова, У. Ақын - ұстаз: [ақын А. Шамкеновтің 85 жылына орай арналған өлең] / У. Сержанова // Сарыарқа самалы. - 2012. - 17 шілде. - 5 б.

Рахимов, Қ. Абай тағылымы ақын жырында: Қазақтың көрнекті ақыны Аманжол Шамкеновтің туғанына - 85 жыл / Қ. Рахимов // Сарыарқа самалы. - 2012. - 19 шілде. - 14 б.

Нухұлы, А. Жарқын бейне жадымызда: Жерлес ақын Аманжол Шамкеновтің туғанына 90 жыл (1927-2004) / А. Нухұлы // Сарыарқа самалы. - 2017. - 20 шілде. - 7 б.

Амантай, М. Ақын жыры - өмір сыры: [Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейі ақын, драматург А. Шамкеновтің туғанына 90 жылына орай көрме ұйымдастырды] / М. Амантай // Сарыарқа самалы. - 2017. - 25 шілде. - 8 б.

Хашымқызы, Қ. Ақынның заттары: [Г. Потанин атындағы тарихи-өлкетану музейінің қоры ақын, драматург, жерлесіміз А. Шамкеновтің шапаны мен отбасылық фотосуреттерімен толықты] / Қ. Хашымқызы // Сарыарқа самалы. - 2017. - 21 қазан. - 12 б.

Рақымов, Қ. Пейілі кең ақын аға: [жерлес ақын А. Шамкеновтің туғанына 90 жыл] / Қ. Рақымов // Сарыарқа самалы. - 2017. - 26 қазан. - 16 б.

Тұрышев, А. "Қауызынан аршып өлеңнің дәнін алдым...": [ақын, драматург А. Шамкеновтің туғанына 90 жылына орай "Сырларым менің" жинағы жайлы ой] / А. Тұрышев // Сарыарқа самалы. - 2017. - 26 қазан. - 16 б.

Сахаба, Т. Өлеңі өмірі еді: [Шаңырақ халық шығармашылығы және мәдени-сауық орталығында ақын, драматург А. Шамкеновтің туғанына 90 жылдығына арналған кеш өтті] / Т. Сахаба // Сарыарқа самалы. - 2017. - 7 қараша. - 12 б.

13 тамыз өлкетанушы, ҚазКСР-нің еңбек сіңірген қызметкері, мұрағатшы **В. Д. Болтинаның** туғанына 75 жыл (1947)

Болтина Вера Дмитриевна 1947 жылы 13 тамызда Орынбор облысы Орск қаласында туған. Өлкетанушы, тарихшы - өлкетанушы, ҚазКСР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1985). Мұрағат ісінің үздігі (1988).

1972 жылы Москва мемлекеттік тарихи – мұрағат институтын бітірген. Мұрағат жүйесінде 60-шы жылдардың ортасынан бастап жұмыс істейді. 1973 жылы Павлодар мемлекеттік мұрағатының директоры, 1976 жылы облыстық мұрағат басқармасының жетекшісі. 2000 жылдан Павлодар облысы Архивтер Департаментінің бастығы.

«1919-1990 жж. Павлодар өлкесіндегі орыс Православиелік шіркеу тарихынан» (1999), «1919-1999 жж. Павлодар өлкесіндегі ислам тарихынан» (2001), «1892-2002 жж. құжаттардағы Павлодар өлкесінің денсаулық сақтау саласы» (2002), «Книга скорби. Растрельные списки» (1999) және «Забвению не подлежит» (1997) кітаптар авторларының бірі.

В. Болтина «Павлодар облысының мемлекеттік мұрағаттары және оның филиалдары» көрсеткішінің жауапты редакторы және құрастырушысы (1991), Мұрағаттану, құжаттану және Павлодар өлкесінің тарихы туралы мақалалардың авторы.

Орыс Православиялық шіркеуінің орденімен (1999), медальдармен марапатталған.

Әдебиеттер:

Азалы кітап: атылғандардың тізімдері / Павлодар облысының мұрағаттар басқармасы; құраст.: В. Д. Болтина, Л. В. Шевелева. - Павлодар: ЭКО, 1999. - 222 б.

Ертістің Павлодар өңіріндегі исламның тарихынан 1919-1999: құжаттар жинағы / құраст.: В. Д. Болтина, Л. В. Шевелева. - Павлодар, 2001. - 492 б.

Павлодар облысының хронографы 1938-2008 / құраст.: В. Д. Болтина. - Павлодар: ЭКО, 2008. - 544 б.

***

Болтина, В. Алғашқы қадамдар: [Павлодар облысының 70 жылдығы қарсаңынды] / В. Болтина // Сарыарқа самалы. - 2007. - 29 мамыр. - 5 б.

Болтина, В. Беделді басшы еді: [партиялық қайраткер Ә. Ибраев] / В. Болтина // Сарыарқа самалы. - 2007. - 29 қараша. - 6 б.

Болтина, В. Қабыштың қайғылы тағдыры: [қоғам қайраткері, ақын Қ. Бердалин] / В. Болтина // Сарыарқа самалы. - 2007. - 25 желтоқсан. - 4 б.

Болтина, В. Майданда да, тылда да жұдырықтай жұмылып..: [Павлодар облысының 70 жылдығы қарсаңында. Павлодар облысы Ұлы Отан соғыс жылдарында] / В. Болтина // Сарыарқа самалы. - 2007. - 5 шілде. - 9 б.

Болтина, В. Өнеркәсіптің қарқынды өсуі: [Павлодар облысының 70 жылдығы қарсаңында] / В. Болтина // Сарыарқа самалы. - 2007. - 13 қараша. - 16 б.

Болтина, В. Соғыстан кейінгі кезеңдегі Павлодар облысы: [Павлодар облысының 70 жылдығы қарсаңында] / В. Болтина // Сарыарқа самалы. - 2007. - 21 тамыз.

Болтина, В. Тың және ұлтаралық келісім: [Павлодар облысының 70 жылдығы қарсаңында] / В. Болтина // Сарыарқа самалы. - 2007. - 27 қыркүйек. - 17 б.

***

Болтина Вера Дмитриевна // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 253 б.

Қожимов, М. Мұрағатшылар: [биыл Қазақ КСР-не еңбегі сіңген Мәдениет қайраткері, КСРО-ның мұрағат істерінің үздігі В. Болтина және тарихшы-мұрағатшы, КСРО-ның мұрағат істерінің үздігі Л. Шевелеваның ғылыми-шығармашылық жұмысына 40 жыл] / М. Қожимов // Сарыарқа самалы. - 2016. - 31 наурыз. - 16 б.

1 қыркүйек журналист, фольклортанушы, ҚР Журналистер одағының мүшесі **А. Ж. Нұрғазиннің** туғанына 95 жыл (1927-2008)

Нұрғазин Арапа Жұмасанұлы 1927 жылы Ақтоғай ауданы «Ақ түйе» колхозында дүниеге келген. 1967 жылы 10 жасында анасынан айрылып, өгей ананың қолында тәрбиеленген. Еңбек жолын 1941 жылы бастаған. Кезінде Қуйбышев (қ. Ақтоғай) ауданына қарасты Ленин колхозында ауылдық кеңестің хатшысы, Қашыр аудандық атқару комитетінде инспектор болып қажырлы еңбек етті. Банк саласында да қызмет жасаған. Журналист Қазақстанның көптеген мерзімді басылымдарында қызмет еткен. Олар: «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш», «Ана тілі», «Парасат», «Қазақ әдебиеті», «Ақиқат» және т.б. 1982 жылдан бастап республикалық «Шалқар» радио бағдарламасының «Сырласайық, сырласайық» авторларының бірі болып келді.

А.Нұрғазинді бұрын жұртшылық мақал-мәтел жинаушы ретінде қабылдап, газет беттерінде де осылай жарияланып жүрді. Бірақ ол мақал-мәтел жинаушы емес, құрастырушы. Журналистің қаламынан 4000-нан астам мақал-мәтелдер шыққан. Бұлардың 3000-ы кітаптарына енген.

Жазушы шығармашылығының негізгі тақырыбы – мақал-мәтелдер. Мектеп оқушыларына арнап 3 кітаптан тұратын мақал-мәтелдер жинағын басып шығарған. Өзі жазған төрт мыңнан аса мақал-мәтелдері, 600-ден аса тақпақ - өлең шумақтары (частушки), 1000-нан аса жұмбақтары мен жаңылтпаштары бар. А.Ж.Нұрғазин – Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

Әдебиеттер:

Нұрғазин, А. Алты жүз ақыл. Жүз нақыл / А. Нұрғазин. - Павлодар: ПГУ, 2003. - 88 б.

Нұрғазин, А. Аталы сөздер ізімен (мақал-мәтелдер) / А. Нұрғазин. - Павлодар: ЭКО, 2002. - 75 бет.

Нұрғазин, А. Макал-мәтел-мәңгі мұра / А. Нұрғазин. - Шымкент: Әлия, 1995, 1996. - 75 б.

Нұрғазин, А. Макал-мәтел-сөздің інжу маржаны / А. Нұрғазин. - Павлодар: ЭКО, 2002. - 64 бет.

Нұрғазин, А. Макал-мәтелдер, қанатты сөздер. Баталар, тілектер, жұмбақтар. Жаңылтпаштар / А. Нұрғазин. - Павлодар: ЭКО, 1997. - 66 б.

Нұрғазин, А. Мақал-мәтел-мәңгі мұра / А. Нұрғазин. - Шымкент: Әлия, 1996. - 75 б.

Нұрғазин, А. Ұлт негізі-ана тіл / А., Нұрғазин. - Павлодар: ПГУ им. С. Торайғырова, 2003. - 57 б.

***

Нұрғазин Арапа Жұмасанұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 519 б.

Хонж, А. Нақыл сөздің шебері еді: [жерлес ақын, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, қазақ фольклорын жинаушы Арапа Нұрғазиннің 90 жасына орай] / А. Хонж // Сарыарқа самалы. - 2017. - 9 қыркүйек. - 12 б.

25 қыркүйек ақын, журналист **В. Г. Семерьяновтың** туғанына 85 жыл (1937-2021)

Виктор Гаврилович Семерьянов 1937 жылы 25 қыркүйекте, Алтай өлкесі Новоегорьевка ауылында туған. Рубцовка қаласында орта мектепті, бұдан кейін Семей өзен училищесін аяқтаған. Бүкіл өмірін Павлодармен байланыстырып, әуелі матрос, бұдан соң меңгерікті басқаратын адам, теплоход капитаны болды. 1969 жылдан бастап теледидарда жұмыс істеді.

1970 жылы П.Васильев атындағы әдеби бірлестіктің төрағасы болып сайланады.

1971 жылдан бастап «Звезда Прииртышья» газетінің редакциясында тілші, мәдениет бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың бірінші орынбасары болып жұмыс істеді.

1972 жылы М.Горький атындағы Мәскеу әдебиет институтын аяқтаған. Қазақстан жазушылар одағының мүшесі.

Оның шығармалары «Иртышские напевы» (1962 г.), «Ступеньки» (1976 ж.), «День поэзии» (1978 ж.) өлеңдерінің ұжымдық жинағына енеді. Өлеңдерінің авторлық жинақтары: «Высокий берег» (1981 ж.), «Незакрытая калитка» (1983 ж.), «Я тебе расскажу» (1984 ж.), «Зимняя радуга», «Гусиный перелет» (1998 ж.), «Звонок старому другу» (1998 ж.), «Песнь о батыре Жасыбае» (2000 ж.), «Вслед за журавлями», «Стук сердца в тишине», «Вольные цветы. Сказ о Павлодаре» поэмасы жеке кітап болып жарыққа шыққан.

Ақынның өлеңдерінде Отанға, туған жер табиғатына, Ертіс өңірінің адамдарына деген сүйіспеншілік сезінеді. Профессор Н.Г. Шафер: «Виктор Семерьяновты тілінің айқын тазалығы, ашықтығы пушкиндік шығармашылық дәстүрлер арнасына енгізеді. Құбылыстар мен тұлғалардың бетін аша отырып, ақын олардың нағыз жүзін жүрегімен сезеді. Бұл оның өлеңдерінің көркем байлығы болып табылады» деп жазады.

Оның соңғы өлеңдері – өмір, бастан өткізген жылдар, елдің тарихы, махаббат пен достық туралы толғаныс.

В. Семерьянов – талантты аудармашы (қазақ тілінен). Ол Абай шығармаларын да аударған.

Әдебиеттер:

Семерьянов, В. Г. Мәшһүр шыңы: поэма / В. Г. Семерьянов. - Павлодар: ЭКО, 2008. - 58 б.

***

Семерьянов, В. Мәшһүр шыңы: поэма / В. Семерьянов // Сарыарқа самалы. - 2007. - 22 қыркүйек. - 6 б.

***

Семерьянов Виктор Гаврилович // Қазақстан жазушылары. XX ғасыр: анықтамалық. - Алматы, 2004. - 281 б.

Семерьянов Виктор Гаврилович // Қазақстан жазушылары: анықтамалық. - Алматы, 2009. - 357 б.

Семерьянов Виктор Гаврилович // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 654 б.

***

Жырға бөлеп өлкені: [ақын В. Семерьянов 70-ке толып отыр] // Сарыарқа самалы. 2007. - 22 қыркүйек. - 6 б.

Түгелбай, Г. Ақын мерейтойына арналды : [«Шаңырақ» облыстық халық шығармашылығы мен мәдени-сауық қызметі орталығында жерлес ақын, журналист, аудармашы Қазақстан одағының мүшесі В. Семерьяновтың «Өткеннің бәрі қымбат...» атты 70 жылдық мерейтойлық шығармашылық кеші өтті] // Сарыарқа самалы. - 2007. - 27 қыркүйек. - 20 б.

Әбіш, А. Қазақ тілінде жарық көрді: [ақын В. Семерьяновтың «Мәшһүр шыңы» поэмасы қазақ тілінде жарыққа шықты] / А. Әбіш // Сарыарқа самалы. - 2008. - 9 тамыз. - 5 б.

Қожанов, О. Ақын жүрек: [С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханада ақындар А. Қани және В. Семерьяновтың "Үйлесім. Гармония" атты жыр жинағына арналған әдеби кеш өтті] / О. Қожанов // Сарыарқа самалы. - 2014. - 30 тамыз. - 12 б.

Амантай, Ж. Қарымды қаламгер - 80 жаста!: [ақын В. Семерьянов және оның өлеңдері] / Ж. Амантай // Сарыарқа самалы. - 2017. - 26 қыркүйек. - 6 б.

Виктор Семерьянов: [Ақын, журналист, аудармашы В. Семерьянов жайлы] // ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. - 2021. - 23 сәуір (№ 17). - 23 б.

1 қазан ғалым-энергетик, техника ғылымдарының докторы, академик **Ш. Ш. Шөкиннің** туғанына 110 жыл (1912-2003)

Шапық Шоқыұлы Шөкин 1912 жылы 1 қазанда Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. КСРО энергетигі, техника ғылымдарының докторы (1953), профессор (1956), ҚазКСР-інің академигі (1954), ҚазКСР-інің еңбек сіңірген ғылыми қайраткері (1962), КСРО-ның Құрметті энергетигі (1982), Халық Қаһарманы (1996).

1937 жылы Омбы ауылшаруашылық институтының гидротехнология факультетін бітірген. 1937-1943 жылдары ҚазКСР Егіншілік халкоматында инженерлік қызметте болды. 1943-1944 жылдары КСРО ҒА-ның Қазақ филиалында энергетика секторын басқарды. 1944-1988 жылдары КСРО Энергетика және электрлендіру Мининстрлігі Қазақ энергетика ғылыми-зерттеу институтының директоры, 1988 жылы Құрметті директор аталды. 1964-1967 жылдары ҚазКСР ҒА-ның президенті болды.

Ш. Шөкиннің негізгі ғылыми еңбектері энергетика мәселелеріне арналған. Қазақстанда, оның жеке аймақтарында энергетиканы жан-жақты өркендету жөнінде ғылыми-техникалық болжамдар жасады; отын-энергетика комплекстерін құру жолдарын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді, энергиялық қуаттардың ауқымы мен құрылымын, оларды орналастыру жұмыстарын бағалау әдістерін тауып, өндіріске енгізді. Республикада халық шаруашылығының энергия тұтынуы, энергиямен қамтамасыз етілуі жөнінде іргелі зерттеулер жүргізді.

Ш. Шөкин Қазақстанда энергетиканы одан әрі дамытудың негізін салды. 1972 жылы ҚазКСР мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Қазан революциясы, Еңбек Қызыл ту ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Алматы қаласының құрметті азаматы (2002). Павлодар облысы Баянауыл ауданының Жеңіс аллеясында бюст орнатылған. С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің ағартушылары мен академиктерінің аллеясында бюст орнатылған (2003). Павлодар қаласында бір көшеге және Қазақ энергетикалық ғылыми-зерттеу институтына аты берілген.

Әдебиеттер:

Шөкин Шапық Шоқыұлы // Қазақ ССР: қысқаша энциклопедия. 4 т. - Алматы, 1988. - 3 т. - 570 - 580 б.

Шөкин Шапық Шоқыұлы // Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. 10 т. - Алматы, 2007. - 9 т. - 547 б.

Шөкин Шапық Шоқыұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 742 - 743 б.

***

Шөкин Шапық Шоқыұлы // Қазақ елінің ғылыми тұлғалары: биобиблиографиялық көрсеткіш=Лидеры науки земли казахской: биобиблиографический указатель / құраст. Т. А. Макаренко, А. Қ. Бораналинова ж.б. - Павлодар: ҒБО, 2006. - 174 - 179 б.

Қирабаев, С. С. Өмір тағылымдары: естеліктер / С. С. Қирабаев. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015. - 445 б.

Нухұлы, А. Баянаула перзенттері: шежіре. Кіт. 2: Қаржас, Орманшы, Күлік, Тұлпар, Айдабол, Ақбура, Майылтон, Шегір шежірелері / А. Нухұлы, Т. А. Еңсебаев; сурет. Ә. Бұхарбаев, Қ. Қаржасов; фотосурет. А. Пархоменко, В. Бугаев ж.б. - Павлодар: ЭКО, 2010. - 747 б.

***

Әбіш, А. Тарлан талантқа құрмет: [академик Ш. Шөкиннің 90 жылдығына орай С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде конференция өтті] / А. Әбіш // Сарыарқа самалы. - 2002. - 22 қараша. - 15 б.

Әбіш, А. Халықтың алғысын арқалаған ардақты аға: Академик Ш. Шөкиннің 90 жылдығына / А. Әбіш // Сарыарқа самалы. - 2002. - 22 қараша. - 15 б.

Тобаяқов, Б. Шартарапқа нұр шашқан Шапық аға: Академик Шапық Шөкиннің туғанына - 100 жыл / Б. Тобаяқов // Сарыарқа самалы. - 2012. - 14 маусым. - 8 б.

Омаров, Қ. Саңлақ: [кинорежиссер Қ. Омаровпен жерлесіміз, қазақтың көрнекті энергетигі, ҚР ҒА академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Ш. Шөкиннің 100 жылына орай деректі фильм түсіру туралы сұхбат] / сұхбаттасқан С. Молдайып / Қ. Омаров // Сарыарқа самалы. - 2012. - 9 тамыз. - 4 - 5 б.

Әміре, Ф. Қазақ энергетикасының атасы: даңқты жерлесіміз Шапық Шөкиннің 100 жылдығына арналған халықаралық конференция өтті / Ф. Әміре // Сарыарқа самалы. - 2012. - 6 қазан. - 1 б.

Әміре, Ф. Баянауылдың ақиығы: Академик Шапық Шөкиннің 100 жылдық мерейтойы аталып өтті / Ф. Әміре // Сарыарқа самалы. - 2012. - 9 қазан. - 3 б.

Жайықбаев, Н. Қазақстанның тұғырын көтерген академик-энергетик Шапық Шөкин / Н. Жайықбаев // Сарыарқа самалы. - 2016. - 15 желтоқсан. - 6 - 7 б.

Қанатбекұлы, Н. Шапық Шөкинге ескерткіш ашылды: [академик Ш. Шөкиннің 105 жылдығына орай Алматы қаласындағы Қазақ энергетика ғылыми-зерттеу институтының алдында ескерткіш қойылды] / Н. Қанатбекұлы // Сарыарқа самалы. - 2017. - 7 қыркүйек. - 20 б.

Пазылов, Ә. Мәшhүр Жүсіптен бата алған: [қазақ энергетигі, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Ш. Ш. Шөкин жайлы] / Ә. Пазылов // Saryarqa samaly. - 2020. - 9 қаңтар. - 12 б.

Хашымқызы, Қ. Академик таққан көзілдірік: [көрнекті энергетик, академик Шапық Шөкиннің жәдігерлері "Ertis" мультимедиялық музейінде сақтаулы] / Қ. Хашымқызы // Saryarqa samaly. - 2020. - 13 ақпан. - 24 б.

Ибадуллин, Т. Алатаудай ағаларды көп көрдім..: [ғалым Қ. Сәтбаев пен Ш. Шөкин туралы естелік] / Т. Ибадуллин // Saryarqa samaly. - 2020. - 30 қаңтар. - 17 б.

Қанатбекұлы, Н. Атақты жерлестеріміздің есімдері асқақтады: [Павлодар облысында туып-өскен, елімізге танымал бірқатар тұлғалардың есімдері жаңғыруда] / Н. Қанатбекұлы // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 18 наурыз. - 6 б.

15 қазан журналист, жазушы, ақын **Ғ. С. Жұматовтың** туғанына 70 жыл (1952)

Ғалымбек Сағымбайұлы Жұматов 1952 жылы 15 қазанда Павлодар облысы Ертіс ауданында туған. 1979 жылы ҚазМУ-дың журналистика факультетін бітірді. Көп жылдары «Қызыл ту» (қазір «Сарыарқа самалы») газетінде алдымен журналист, кейін бөлім меңгерушісі және редактордың бас орынбасары болды.

1991-1995 жылдары «Халық кеңесі» газетінде корреспондент болып жұмыс істеді. Қазір қалалық «Шаһар» газетінде редактор болып жұмыс істейді.

1980 жылы «Арман қанатында» атты бірінші жинағы шықты. 1984 жылы «Трактор қалай жасалады?» кітабы, 1986 жылы «Ала көжек», 1992 жылы - «Жалғас - жауынгердің баласы», «Кең аулалы үйденбіз» повесть жинақтары шықты.

2003 жылы Ғалымбек Жұматов «Қазақстан - қара шаңырағым» республикалық фестивальда бірінші орын үшін сыйлық алды. Осы жылы балалар үшін «Біз - 42 әріппіз» кітабы басылып шықты. 2005 жылы - «Жеңіс жалауын желбіреткен» әндер жинағы, 2006 жылы - «Ана өсиеті» кітап эссе, «Сағыныш сазы» поэтикалық жинағы, 2007 жылы - «Кемелді елдің Кемері» деректі повесі, 2008 жылы - «Мәшһүр тағлымы» публистикалық кітап жарық көрді.

Әдебиеттер:

Жұматов, Ғ. Ала көжек: повестер / Ғ. Жұматов. - Алматы: Балауса, 1992. - 129 б.

Жұматов, Ғ. Жеңіс жалауын желбіреткен / Ғ. Жұматов. - Павлодар, 2005. - 44 б.

Жұматов, Ғ. Астанам әсем-асқақ ән: Астана туралы әндер / Ғ. Жұматов, Н. Дүкенбай. - Павлодар: ЭКО, 2008. - 51 б.

Жұматов, Ғ. Арналы ағыс: повестер, әңгімелер / Ғ. Жұматов; бас ред. Е. М. Арын. - Екібастұз: Вестник, 2013. - 341 б.

Жұматов, Ғ. Кемелді елдің Кемері: эссе / Ғ. Жұматов. - Павлодар: ЭКО, 2000. - 268 б.

Жұматов, Ғ. Мәшһүр тағлымы: елге танылған есімдер / Ғ. Жұматов. - Павлодар: ҒӨФ "ЭКО", 2008. - 293 б.

Жұматов, Ғ. Сағыныш сазы: өлеңдер / Ғ. Жұматов. - Павлодар: ҒӨФ "ЭКО", 2006. - 134 б.

Жұматов, Ғ. С. Болашаққа ұмтылған өлкем / Ғ. С. Жұматов. - Павлодар: Типография Сытина, 2013. - 303 б.

Жұматов, Ғ. С. Біз 42 әріппіз: әліппе: мектепалды жасындағы балаларға және бастауш сынып оқушыларына суретті әліппе / Ғ. С. Жұматов; сурет. С. Грижкова. - Павлодар: Арман-ПВ, 2003. - 78 б.

***

Жұматов, Ғ. Ауылға, ауылға, ауылға..: [Павлодар облыстық "Сарыарқа самалы" газетінің 15 000-ыншы нөміріне арналған әңгіме] / Ғ. Жұматов // Сарыарқа самалы. - 2016. - 27 қазан. - 16 б.

Жұматов, Ғ. "Найзатас" журналына - 5 жыл! / Ғ. Жұматов // Сарыарқа самалы. - 2017. - 16 мамыр. - 6 б.

Жұматов, Ғ. Үнемі адамгершілік тұғырынан танылды: [Павлодар облыстық "Сарыарқа самалы" газеті кезінде "Қызыл ту" болып аталғанда газеттің редакторы болған Б. Б. Сейсенбеков жайлы] / Ғ. Жұматов // Сарыарқа самалы. - 2018. - 20 қаңтар. - 12 б.

Жұматов, Ғ. Ұлы қоныс аудару көшінде: [жазушы, ПМПУ-дің "Рухани жаңғыру" ғылыми-тәжірибелік орталығының бас ғылыми маманы Ғ. Жұматов ҚР Президенті Н. Назарбаевтың" Ұлы даланың жеті қыры" атты мақаланың маңызды тұстарына тоқталды] / Ғ. Жұматов // Сарыарқа самалы. - 2019. - 19 ақпан. - 4 б.

Жұматов, Ғ. Ласло Кун-Қыпақтың жиені: драма / Ғ. Жұматов // Naizatas. - 2019. - № 2. - 120 - 149 б.

Жұматов, Ғ. Жабайы көктем: әңгімелер / Ғ. Жұматов // Naizatas. - 2019. - № 6. - 51 - 64 б.

Жұматов, Ғ. Батагөй аға еді: [Павлодар облыстық "Сарыарқа самалы" газетінің ардагері, Қазақстанның Құрметті журналисі, "Облыс алдында сіңірген еңбегі үшін" төсбелгісінің иегері Бақыт Баймұратұлы Баймұратовтың рухына] / Ғ. Жұматов // Saryarqa samaly. - 2019. - 8 тамыз. - 15 б.

Жұматов, Ғ. Исаның шәкірті еді: Ақын Иса Байзақовтың туғанына 120 жыл толуына орай / Ғ. Жұматов // Saryarqa samaly. - 2020. - 5 наурыз. - 16 б.

***

Жұматов Ғалымбек // Шамкенов Аманжол // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2005. - 230 б.

Жұматов Ғалымбек Сағымбайұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 353 б.

15 қазан көркемсуретші **Ө. А. Шурановтың** туғанына 70 жыл (1952)

Суретші, кескіндемеші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. Шоранов Өсербай Аманжолұлы Ермак ауданының Грязновка ауылында дүниеге келді (қазіргі Ақсу ауданы). 1976 жылдан бастап Н.В. Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін тәмамдады. Оқытушылары: М. Калимов, М. Хитохунов. А. Ақанаев. Павлодарда жұмыс істейді.

1988 жылдан бастап КСРО Суретшілер одағының мүшесі, ал 1992 жылдан бастап Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. 2007 ж. – өңірдің мәдениеті мен өнерінің дамуына қосқан үлесі үшін Павлодар облысы әкімі грантының иегері. 2007 ж. – Қазақстан Республикасы Өнер академиясының академигі. ҚР Өнер академиясы Павлодардағы филиалының директоры. 2010 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің «Мәдениет қайраткері» Құрмет белгісімен, ҚР Өнер академиясының дипломымен (2009), ҚР Өнер академиясының Құрмет грамотасымен марапатталған (2007, 2011).

Оның туындылары 1978 жылдан бері аймақтық, республикалық, бүкілодақтық және халықаралық көрмелерде қойылған. Оның еңбектері Қазақстанда, Ресейде, Грузияда, Италияда, Францияда, Югославияда, Германияда музей топтамаларында және жеке топтамаларда сақталуда. Өсербай Шорановтың көркем әлемі - қазақ халқының қазіргі және бұрынғы мәдени мұрасымен ерекше гармоникалық байланыс әлемі. Оның шығармалары әлемдегі терең философия мен ақындықпен терең жеке түсінік қалыптастырды. Қазақ халқының мәдени мұрасының ажырамас тамырларымен байланысы бар, шығармашылық моделін бүгінге дейін бейімдейді, суретші өнердегі адам ретінде ойлайды және сезінеді.

Әдебиеттер:

Шуранов Өсербай Аманжолұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 492 - 493 б.

Дәуір үні: көрме / құраст. М. Хұсайынова. - Павлодар: ЭКО, 2008. - 35 б.: сурет, фотосурет.

Шора Өсербай=Шора Осербай=Shora Osserbai: Шора Өсербай Аманжолұлының 60 жылдығына арналған каталог / фот. Е. Ниязов, Е. Тақырбасов, В. Бугаев; қазақ тіл. ауд. Б. Нұрғожинова; ағылш. тіл. ауд. Қ. Аужанова.- Павлодар, 2012. - 80 б.

***

Әлжан, Н. Қыл қаламның құлагері: [суретші Ө. Шорановтың 60 жасына арналған өлең] / Н. Әлжан // Сарыарқа самалы. - 2012. - 1 қараша. - 24 б.

Молдайып, С. Жалғасын тапса игі: [ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Шымкент қаласында "Бейнелеу өнері музейі" МКҚК базасында "Дархан далам" атты республикалық суретшілер симпозиумына Павлодар облысының суретшілері Ө. Шорманов пен Ә. Игембаев қатысты] / С. Молдайып // Сарыарқа самалы. - 2016. - 14 маусым. - 8 б.

Шоранов, Ө. "Керегеміз кеңейіп келеді": [облыстық Суретшілер одағы қоғамдық бірлестігінің төрағасы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Ө. Шорановпен әңгіме] / сұхбаттасқан Қ. Хашымқызы / Ө. Шоранов // Сарыарқа самалы. - 2016. - 25 ақпан. - 8 б.

Есали, А. Ән салатын суреттер: [суретші Ө. Шоранов туралы] / А. Есали // Егемен Қазақстан. - 2017. - 13 желтоқсан. - 12 б.

Тауқызы, С. Қылқаламның құдіреті: [Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, ҚР Көркем Академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жерлесіміз Ө. Шоранов жайлы] / С. Тауқызы // Сарыарқа самалы. - 2017. - 12 қазан. - 20 б.

Сахаба, Т. Ұлы дала өрнегі: [суретші Ө. Шоранов туралы] / Т. Сахаба // Сарыарқа самалы. - 2017. - 21 желтоқсан. - 20 б.

Тауқызы, С. Тәуелсіздік өрнектері: [Суретшілер одағының мүшесі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Көркем академиясының академигі Ө. Шорановтың туындылары] / С. Тауқызы // Сарыарқа самалы. - 2018. - 15 желтоқсан. - 12 б.

30 қараша тарихшы-өлкетанушы, археолог **В. К. Мерцтің** туғанына 60 жыл (1962)

Археолог, тарихшы, өлкетанушы, тарих ғылымдарының кандидаты. 1962 жылы Қарағанды облысында дүниеге келген. 1990 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірді. 1984-1988 жылдары Целиноград облыстық тарихи-өлкетану мұражайында кіші ғылыми қызметкер, 1988-1992 жылдары тарих және өлкетану мұражайының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау бөлімінің аға ғылыми қызметкері. 1992-1998 жылдары Облыстық мәдениет басқармасында тарихи-мәдени мұраны қорғау және қалпына келтіру мемлекеттік инспекциясының жетекші маманы. 1998-2000 жылдары Г.Н.Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану мұражайының директоры болды.

2001 жылдан бастап С.Торайғыров атындағы ПМУ археологиялық ғылыми-зерттеу орталығының директоры, археологиялық экспедициялардың басшысы. Екібастұз, Лебяжі және Шарбақты аудандарында палеолит және неолиттік тұрақтарының, сондай-ақ, қола дәуірінің зираттарын және қоныстарды зерттеген. 80-ге жуық ғылыми жарияланымдардың авторы.

Әдебиеттер:

Мерц Виктор Карлович// Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 492 - 493 б.

Қасым, А. Ертіс жағасынан табылған ескі шаһар: Жетіжар қонысы мемлекет қамқорлығына алына ма? / А. Қасым // Egemen Qazaqstan. - 2019. - 15 сәуір. - 8 б.

6 желтоқсан ақын-импровизатор, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері **Н.Баймұратовтың** туғанына 135 жыл (1887-1969)

Ақын-импровизатор Баймұратов Нұрлыбек 1887 жылы Павлодар облысы Май ауданында туған. Нұрлыбек ақын Қазақстан халық ақындары ішінде өзіндік орны, өлең өрнегі, суреттеу мәнері бар өр дауысты, суырып салма төкпелігімен аты бүкіл Қазақстанға танымал болған аса дарынды тұлға.

Жасынан жалшылықта жүрген Баймұрат егін кәсібімен айналысып, күн көрісті ойлаған. Ақынның арғы тегі мен ұрым бұтағын тарата айтар болсақ, қазіргі Павлодар облысының Май ауданына қарасты Бозарал-Жалаңаш деген Ертіс бойындағы шағын қазақ ауылдарын мекендеген орта жүздің белді руы Найман ішінде Кенжалы бұтағынан тараған.

Н. Баймұратов ескіше де жаңаша да сауатын ашқан ақын. Оның өлеңдері 1924 жылдан бастап жариялана бастады. Абай, Әріп, Әсет шығармаларынан тәлім алды. Ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, насихаттаумен шұғылданды. Иса (1922), Нартай (1939), Маясар (1943), Төлеу (1944), т.б. ақындармен айтысты.

Ұлы Отан соғысының қаһарманы Төлеген Тоқтаровқа арналған «Ер Төлеген» (1945), азамат соғысын суреттеген «Қанды жорық» (1962) дастандары жеке кітап болып басылды. Шығармаларының жинағы 1957 жылы жарық көрді.

Н. Баймұратовқа 1939 жылы Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері атағы берілген. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Әдебиеттер:

Баймұратов, Н. Қазына: өлеңдер мен поэмалар / Н. Баймұратов. - Алматы: Жазушы, 1982. - 240 б.

***

Баймұратов Нұрлыбек // Қазақстан жазушылары. XX ғасыр: анықтамалық. - Алматы, 2004. - 68 б.

Баймұратов Нұрлыбек // Павлодар өңірінің ақын-жыраулары: библиографиялық анықтамалық. - Павлодар: ЭКО, 2004. - 32 б.

Баймұратов Нұрлыбек // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2005. - 111 б.

Баймұратұлы Нұрлыбек // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 216 б.

Шығыс жұлдыздарының бірі - ақын Нұрлыбек // Түкісов, Ә. М. Киелі жандар жәнеұрпақтары (Тарихи зерттеулер). - Павлодар, 2002. - 425 - 474 б.

***

Нұрлыбек – төкпе ақын // Сарыарқа самалы. - 2003. - 28 қаңтар. - 4 - 5 б.

Ибадуллин, Т. Арқалы ақын: Қазақстанның Халық ақыны Нұрлыбек Баймұратовтың туғанына - 130 жыл / Т. Ибадуллин // Сарыарқа самалы. - 2017. - 4 қараша. - 8 б.

Қоңыр, Т. Екі күнге созылған той: Қазақстанның Халық ақыны Нұрлыбек Баймұратовтың туғанына - 130 жыл / Т. Қоңыр // Сарыарқа самалы. - 2017. - 4 қараша. - 8 б.

15 желтоқсан Кеңес Одағының батыры **А. С. Квитковтың** туғанына 100 жыл (1922-1994)

Александр Спиридонович Квитков 1922 жылы 15 желтоқсанда Павлодар облысы Үрлітүп (қ. Железинка) ауданында Железинка селосында жұмысшы отбасында туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін Кайманачихинск совхозында, кейін Үрлітіп аудандық партия комитетінде жұмыс істеді. 1941 жылы наурыз айында армия қатарына шақырылды. 77-гвардияшы дивизиясының 218-гвардияшы атқыштар полкіндегі 5 ротаның бөлімше командирі, гвардия аға сержанты Александр Квитков жүздеген километр майдан жолынан өтті.

А.Квитков алғашқы наградасы «Ерлік үшін» медалін Украинаның Киреевка селосы түбінде жау күшіне барлау жасап, онда ерлік және батылдық көрсеткені үшін алды. Кеңес Одағы Батыры атағы А.Квитковқа 1944 жылы 15 қаңтарда Днепрден өтерде көрсеткен ерлігі үшін берілді.

Соғыс біткен соң Кеңес Одағы Армиясы қатарында қалды. Әскери училищені, кейін әскери-саяси Академияны бітірді. А.Квитков өз білімін жауынгерлік мол тәжірибесін Кеңес Одағы Қарулы Күштерінің жас жауынгерлеріне қалдырды.

Әдебиеттер:

Квитков Александр Спиридонович // Совет Одағының қазақстандық батырлары. - Алматы, 1969. - 2 т. - 357 - 358 б.

Қазақстандық Кенес Одағының Батырлары: [Квитков Александр Спиридонович] // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 10 т. - Алматы, 2003. - 5 т. - 340 б.

Қазақстандық Совет Одағының батырлары: [Квитков Александр Спиридонович] // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. 4 т. - Алматы, 1984. - 1 т. 256 б.

Квитков Александр Спиридонович // Жеңісіміздің жұлдыздары. 1941-1945 = Звезды нашей Победы.1941-1945: биоблиографиялық көрсеткіш-биобиблиографический указатель. - Павлодар, 2010. - 10 - 11 б.

***

Түгелбай, Г. Батырды еске алды : [П. Васильев атындағы орталық қалалық кітапханада жерлесіміз, Кеңес Одағының Батыры А. С. Квитковтың 85 жылдық мерейтойына орай әдеби-музыкалық кеш ұйымдастырылды] / Г. Түгелбай // Сарыарқа самалы. - 2008. - 10 қаңтар. - 2 б.

Павлодарлық Кеңес Одағының Батырлары // Сарыарқа самалы. - 2010. - 6 мамыр. - 16 - 17 б; 8 мамыр. - 6 - 8 б.

Командир: [Кеңес Одағының Батыры А. С. Квитков жайлы]//Сарыарқа самалы.- 2015.- 26 қараша. - 10 б.

Кеңес Одағының Батырлары: [Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай Павлодар өңірінен шыққан Кеңес Одағының Батырлары мен "Даңқ" орденінің толық иегерлері туралы мәліметтер] // Saryarqa samaly.- 2020.- 7 мамыр. - 5 - 8 б.

26 желтоқсан жазушы **Д. Әбілевтің** туғанына 115 жыл (1907-2003)

Дихан Әбілев 1907 жылы 26 желтоқсанда Павлодар облысының Баянауыл ауданында, қазіргі Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы совхоздың Мойылды қыстауында туған. Әкесі - Әбіл, арғы нағашысы – атақты Бұқар жырау.

1920 жылы Баянауылда орыс бастауыш мектебінде 4 класты бітірген. 1925-1927 жылдары Семейдің ауыл шаруашылық техникумында оқыған. 1928-1931 жылдары Баянауылдың Шідерті облыстық атқару комитетінің хатшысы, одан соң мұғалім, мектеп интернатының директоры, 1931-32 жылдары «Ленин туы» атты Баянауыл аудандық газеті редакторының орынбасары, 1932-34 жылдары «Ленин туы» атты Қарағанды облыстық газетінде жауапты редактордың орынбасары болған.

1937 жылы Алматыдағы журналистер институтын бітірді. 1937-39 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының әуелі хатшысы, одан соң төрағасы, 1939-41 жылдары Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық институтының аспиранты. Майданға осы аспирантурадан аттанған. Соғыстан кейін Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасында көркем әдебиетті насихаттау бюросының директоры, Жазушылар одағы поэзия секциясының кеңесшісі болды.

Дихан Әбілевтің бірінші өлеңі «Қызыл әскерге» 1926 жылы «Қазақ тілі» газетінде, бірінші әңгімесі «Сырлы шкафтың сыры» 1928 жылы «Әдебиет майданы» журналында басылған. Содан бергі жылдарда 30-дай (поэзия, проза) кітаптың, қазақтың көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы «Ақын арманы» трилогиясының, «Ой толғауы» естелік-әңгімелер кітабының, «Алтай жүрегі» атты өлеңмен жазған романның, «Дала солдаты» атты өлеңмен жазылған повестің авторы.

Қазақ тіліне А. П. Чеховтың «Шиелі бақша» пьесасын, Н. А. Некрасовтың «Қызыл шұнақ аязын», Т. Г. Шевченконың өлеңдерін, Низамидың «Ләйлі-Мәжнүнін», Назым Хикметтің «Петроград 1917», «Таранта Бабу» поэмаларын, П. Тычинадан, М. Рыльскийдің, М. Бажанның өлеңдерін, қырғыздың «Манасын» аударған. Д. Әбілевтің шығармалары Одақтың көп ұлттары тіліне, шет ел тілдеріне де аударылған.

Дихан халыққа ең алдымен ақын ретінде танылды. Соғыстың алдында жазылған атақты «Шалқымасы», Ұлы Отан соғысы кезінде жазылған «Майданбегі», соғыстан кейінгі өлеңмен жазылған роман «Алтай жүрегі» ақынның өлмейтін, өшпейтін ұлы шығармалары.

Диханның соңғы дәуірдегі поэзиясында лирикамен қатар эпикалық шығарма елеулі орын алады. Ақынның соғыс тұсындағы поэзиясында суретшілік, сюжеттілік, шағын өлең арқылы белгілі бір ойды, тартыс түйінін қорытып отыру әдісі соғыстан кейінгі дәуірдегі шығармаларына тереңдей қалыптаса түседі. Тақырыпты меңгерумен шеберлігін жетілдіру ақын үшін маңызды бір творчестволық мақсат болады.

Дихан жырлары – уақыттың айнасы. Дихан жырлары – сонау Бұқар бабасынан бастау алған ақынды, алымды, жалынды жырлар. Талай ақын жырлаған, өшпейтін, өлмейтін ұлы

махабатты Дихан ақын өзінше өрнектейді не бары алты жол жыр жолына бүкіл Еңлік-Кебек традегиясын сыйдырады.

Дихан бірталай поэмалар жазған ақын. Әсіресе, соғыстан кейін Алтай тақырыбын лирикалы жыр көлемінде де дамытып, нақты жырлауда елеулі табыстарға жетті. Зайсан көлі, Ертіс, Үлбі өзендері, Алтай тауы бойындағы өмір көріністері, жаңа құрылыс, еңбек ерлігі ақын поэзиясының негізгі бір идеялық, творчестволық мотиві болды. «Алтай жүрегі» (1953 жыл) поэмасы 1954 жылы орысша аударылып басылды. 1957 жылы бұл шығарма жөнделіп, толықтырылып «Таудағы ту» деген атпен қайта шықты. Осы поэманың жалғасы ретінде «Отты тасқындар» атты поэмасы 1956 жылы жарық көрді.

Дихан – ең алдымен ақын. Сонан соң майталман прозашы. Ақын С. Торайғыровтың өмірбаяны, творчестволық қызметімен қатар қоғамдық қайраткерлігіне арналған «Ақын арманы» атты роман болып жазылған бұл шығарма кейін үш кітаптан тұратын трилогияға айналды. Бұл еңбегін бастан аяқ жазып шығу үшін жазушы өзінің 16 жыл аяулы өмірін арнапты. Бірақ ол үшін ақын-жазушы ешқашан өкінбейтін болады. Себебі, онда өлмейтұғын мұра, өшпейтұғын тарих бар. «Ақын арманы», «Арман жолында» және «Баянауыл баурайында» деп аталатын үш кітаптан тұратын бұл «Сұлтанмахмұт» трилогиясы қазақ әдебиетінің алтын қорына келіп құйылған шын мәніндегі құнды шығарма. Мұнда өмірі қысқа болғанымен өлеңі ғасырларға созылатын Сұлтанмахмұт сынды қазақ халқының ақынының образы беріліп қана қоймай, сол арқылы ХХ ғасыр басындағы қазақ елінің тарихы, қоғамдағы орны мен саясаты, әлеуметтік-экономикалық хал жағдайлары да алақандағыдай ашып көрсетіліп берілген. Шығарма сонысымен құнды. Ақын арманы өлмейді. Жалғасын табады.

Ұлы Отан соғысының ардагері, 1936 жылдан КПСС мүшесі Дихан Әбілев «Қызыл Жұлдыз», «Құрмет Белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. Павлодар қаласындағы № 10 кітапханаға (2021) жазушы Дихан Әбілевтің есімі берілді.

Әдебиеттер:

Әбілев, Д. Таңдамалы: Екі томдық. 1-том : Өлеңдер / Д. Әбілев. - Алматы, 1984. - 456 б.

Әбілев, Д. Таңдамалы: Екі томдық. 2-том : Өлеңдер мен поэмалар / Д. Әбілев. - Алматы, 1984. - 440 б.

Әбілев, Д. Сұлтанмахмұт: роман-трилогия. 1-ші кітап: Ақын арманы / Д. Әбілев. - Алматы, 1980. - 304 б.

Әбілев, Д. Сұлтанмахмұт: роман – трилогия. 2-ші кітап: Арман жолында / Д. Әбілев. - Алматы, 1980. - 340 б.

Әбілев, Д. Сұлтанмахмұт: роман – трилогия. 3-ші кітап: Баянауыл баурайында / Д. Әбілев. - Алматы, 1980. - 316 б.

Әбілев, Д. Бес томдық таңдамалы шығармалары. 1-ші кітап: Сұлтанмахмұт арманы: роман-трилогия / Д. Әбілев. - Астана, 2005. - 384 б.

Әбілев, Д. Бес томдық таңдамалы шығармалары. 2-ші кітап: Сұлтанмахмұт арманы: роман-трилогия / Д. Әбілев. - Астана, 2005. - 432 б.

Әбілев, Д. Бес томдық таңдамалы шығармалары. 3-ші кітап: Сұлтанмахмұт арманы: роман-трилогия / Д. Әбілев. - Астана, 2005. - 400 б.

Әбілев, Д. Бес томдық таңдамалы шығармалары. 4-ші кітап: Толғаныс толқыны: өлеңдер мен поэмалар / Д. Әбілев. - Астана, 2005. - 504 б.

Әбілев, Д. Бес томдық таңдамалы шығармалары. 5-ші кітап: Өлең өлкесі: өлеңдер / Д. Әбілев. - Астана, 2005. - 416 б.

Әбілев, Д. Алтай асулары: роман / Д. Әбілев. - Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 1962. - 305 б.

Әбілев, Д. Толғаныс толқындары: өлеңдер / Д. Әбілев. - Алматы, 1979. - 199 б.

Әбілев, Д. Баянауыл баурайында: роман / Д. Әбілев. - Алматы: Жазушы, 1980. - 370 б.

Әбілев, Д. Дала солдаты: дастан / Д. Әбілев. - Алматы, 1981. - 152 б.

Әбілев, Д. Ой толғауы: естеліктер / Д. Әбілев. - Алматы, 1981. - 240 б.

Әбілев, Д. Арман жолында: роман / Д. Әбілев. - Алматы: Жазушы, 1968. - 407 б.

Әбілев, Д. Талапты шәкірт / Д. Әбілев. - Алматы: Жалын, 1982. - 16 б.

Әбілев, Д. Көңіл гүлдері: өлеңдер мен поэмалар / Д. Әбілев. - Алматы, 1987. - 192 б.

Әбілев, Д. Жолаушы өмір: өлеңдер мен дастандар / Д. Әбілев. - Алматы, 2001. - 191 б.

***

Әбілев, Д. Бармақ: [1916 жылғы оқиғадан бір эпизод] / Д. Әбілев // Найзатас. - 2014. - № 3. - 10 - 19 б.

Әбілев, Д. Ермұхан өжет аспирант еді: [тарих ғылымдарының докторы, профессор Е. Бекмаханов жайлы Қазақстанның Халық жазушысы Д. Әбілев] / Д. Әбілев // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам. - 2015. - № 17. - 19 б.

Әбілев, Д. Бақыт Хайдаров - "Даңқ" ордендерінің толық иегері: [жерлесіміз, "Даңқ" орденінің толық кавалері Б. Хайдаров жайлы] / Д. Әбілев // Найзатас. - 2017. - № 5. - 141 - 161 б.

Әбілев, Д. Екі ғасыр және ақын: Қазақстанның Халық жазушысы Д. Әбілевтің туғанына 110 жыл / Д. Әбілев // Найзатас. - 2017. - № 6. - 4 - 20 б.

Әбілев, Д. Үлкен жүрек: [жазушы Ғ. Мұстафин туралы естелік] / Д. Әбілев // Найзатас. - 2018. - № 6. - 62 - 81 б.

Әбілев, Д. Жетпіс үшке жеткенше..: [Мәшһүр Жүсіп туралы ақын Д. Әбілевтің естелігінен] / Д. Әбілев; жазып алған Ә. Пазылов // Сарыарқа самалы. - 2018. - 26 шілде. - 12 б.

***

Әбілев Дихан // Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. 10 т. - Алматы, 1998. - 1 т. - 621 - 622 б.

Әбілев Дихан // Советтік Қазақстан жазушылары: биобиблиографиялық анықтамалық. - Алматы, 1987. - 65 - 66 б.

Дихан Әбілев // Баянаула. - Астана, 2001. - 94 б.

Әбілев Диқан // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2005. - 70 - 71 б.

Әбілев Дихан // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 191 - 192 б.

Алдабергенов, Қ. М. Ақын арманы өлмейді: [Д. Әбілев] // Алдабергенов К. М. Бір туар дара тұлғалар / Қ. М. Алдабергенов, Е. М. Арын, Б. Т. Баткеева. - Павлодар, 2003. - 220 - 227 б.

***

Жұматов, Ғ. Баянның биік бәйтерегі: [ақын Диқан Әбілев] / Ғ. Жұматов // Сарыарқа самалы. - 2003. - 27 қыркүйек. - 6 б.

Мәшһүр-Жүсіп Қ. Ел ағасы: [ақын Диқан Әбілев жайлы] / Қ. Мәшһүр-Жүсіп // Сарыарқа самалы. - 2003. - 27 қыркүйек. - 6 б.

Нұршайықов, Ә. Сегіз абыздың бірі еді: (Диқан-Баба туралы) / Ә. Нұршайықов // Сарыарқа самалы. - 2003. - 27 қыркүйек. - 6 б.

Сүлеймен мен Диқан: әңгіме // Сарыарқа самалы. - 2012. - 28 тамыз. - 8 б.

Жайықбаев, Н. Жай оғындай атылған..: [Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер музейінде Ертістің Павлодар өңірінен шыққан майдангер-жазушыларға көрме ұйымдастырылды] / Н. Жайықбаев // Сарыарқа самалы. - 2015. - 7 мамыр. - 24 б.

Ибадуллин, Т. Дихан баба қолтаңбасы: [ақын Диқан Әбілев жайлы] / Т. Ибадуллин // Сарыарқа самалы. - 2015. - 25 шілде. - 8 б.

Сахаба Тілеуберді. Дихан баба есімі берілді: [Облыс орталығындағы № 10 қалалық кітапханаға Қазақстанның Халық жазушысы Дихан Әбілевтің есімі берілді] / Т. Сахаба // Saryarqa samaly. - 2021. - 25 наурыз. - 20 б.

31 желтоқсан жазушы **З. Ж. Шашкиннің** туғанына 110 жыл (1912-1966)

Зейін Жүнісбекұлы Шашкин 1912 жылы 31 желтоқсанда Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. 1930-1933 жылдары Москваның тарих, философия және әдебиет институтында (МИФЛИ) оқыған. 1933-1937 жылдары Қарағанды қалалық комсомол комитетінің хатшысы, Семей пед.институтында, ҚазПИ-де (қазіргі Абай атындағы Алматы Мемлекеттік университеті) оқытушы, 1949-1955 жылдары Көкшетаудағы Бурабай санаторийінің Бармашы (қ. «Светлый») пансионатында дәрігер, ал 1955-1966 жылдары Қазақстан Жазушылар Одағында кеңесшісі қызметтерін атқарды.

З. Шашкин баспасөзде алғаш өлеңдерімен, зерттеу мақалаларымен 30 жылдардан бастап көрінді. 1934 жылы «Абай поэзиясының ерекшелігі» атты еңбегі жарияланды. Е.Ысмайыловпен

бірігіп жоғары оқу орындарына арналған «Әдебиет теориясының оқулығын» (1940) жазды. Кейін Қазан төңкерісі қарсаңындағы қазақ ауылының тарихи-әлеуметтік халі, әрі 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, жеке адамдардың жан-дүниесі, олардың дүние танымы суреттелген «Таң атты» (1955, орыс тілінде), «Ұядан ұшқанда» (1957), сондай-ақ халықтар достығы, замандастарының өмірі, туған жерге деген сүйіспеншілігі тартымды бейнеленген «Темірқазық» (1959), «Өмір тынысы» (1964), «Ақбота» (1966) повестері мен әңгімелер жинақтары, Жетісудағы саяси әлеуметтік өзгерістерді кезең көрінісімен шынайы өрнектеген «Тоқаш Бокин» (1958) шығармалары бар. Қазақ әйелінің қоғамдағы алатын орны, оның өндірісті, өнер-білімді, мәдениетті өрге бастаудағы және отбасындағы рөлі, әлеуметтік, этикалық, эстетикалық көзқарастары баяндалатын «Теміртау» (1960), адамдар санасындағы және тұрмыстағы жаңа салт, озық дәстүрлерді таратудағы зиялы қауымның рөлі, дәрігердің қоғам алдындағы парызы, басшы қызметкерлердің еңбек адамдарымен қарым-қатынасы, өзара сенім, достық, бірлік рухын қалыптастырудағы өнегесі айшықты кестеленген «Доктор Дарханов» (1962), тың және тыңайған жерлерді игерудің алғашқы кезеңіндегі көрген қиыншылықтары, ой-арманы, адамгершілік асыл қасиеттері арқау етілген «Сенім» (1966) романдары жарық көрді.

«Заман осылай басталады», «Ақын жүрегі» пьесалары республикалық, облыстық драма театрларында қойылды. Оның шығармалары негізінде «Мазасыз таң» атты көркем фильм түсірілді. Туындылары шетел халықтары тілдеріне аударылды.

Зейін Шашкин шығармашылық кемеліне келген шағында, 1966 жылы 29 наурызда 54 жасында ауыр науқастан қайтыс болады. Ол қазақ әдебиетін дамытудағы жемісті еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі президиумының грамоталарымен марапатталған.

Зейін Шашкиннің шығармашылығы - мазмұн жағынан болсын, көркемдік сипаттары жағынан болсын, жан-жақты, қызықты мұра, құнарлы мұра.

Павлодар қаласында жазушы З. Шашкинге ескерткіш-бюст орнатылды (2012).

Әдебиеттер:

Шашкин, З. Алты томдық таңдамалы шығармалар: роман. Т. 2: Тоқаш Бокин / З. Шашкин. - Алматы: Жазушы, 1973. - 400 б.

Шашкин, З. Азаттық таңы / З. Шашкин. - Алматы: Жалын, 1982. - 24 б.

Шашкин, З. Теміртау. Сенім: романдар / З. Шашкин. - Алма-Ата, 2012. - 531 б.

***

